




БРИКС ҰЙЫМЫ

баламалы
халықаралық тәртіпті
қалыптастыруға
әлеуетті ме?

3

БАЙЫПТАМА



Саяси дебат: ТРАМП пен ХАРРИС

Екі үміткер, екі
түрлі көзқарас

3

АЭС



ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ

Алматы
кәсіпкерлерімен
кездесті

6

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЕЛОРДА ТӨРІНДЕГІ САММИТ

Орталық Азия басшылары C5+1 форматында бас қосты



Сонымен, Германия Федеративтік Республикасының канцлері Олаф Шольцтің Орталық Азияға ресми сапары аяқталды. Астанада C5+1 форматында өткен өңірлік саммиттің екінші отырысы оған қатысушы тараптардың ортақ мәлімдеме жариялауымен ерекшеленді. Германия мен Орталық Азия елдері арасындағы бұл саммитке әлем жұртшылығы көз тікті. Саммит аясында маңызды мәселелер талқыланып, жалпыға ортақ шешім қабылданды.

Енді әдеттегідей Федеративті канцлер Олаф Шольцтің Самарқандтан бастау алып, Астанада жалғасқан сапарының қорытындысы мен II «Орталық Азия + Германия» арасындағы өңірлік саммиттің негізгі түйіндерін тарқатып көрелік.

- Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы Бірлескен декларация қабылданды.
- Жалпы құны 55 миллиард доллар болатын 66 бірлескен инвестициялық жоба бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.
- Қазақстан мен Германия арасында сауда айналымы рекордтық көрсеткішке жетті. Былтырдың өзінде екіжақты тауар айналымы 41 пайызға ұлғайып, 3,9 миллиард долларды құрады. Германиядан келетін тікелей инвестиция 64 пайызға өсіп, 770 миллион долларға жеткен.

2

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №79 (6530) 20 қыркүйек, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

АҚОРДА

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» БАҒДАРЫ

Заңға қайшы кез келген әрекет үшін жазадан жалтаруға жол берілмейді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асылловты қабылдады. Президентке еліміздегі заңдылықтың сақталуы мен құқықтық тәртіптің жай-күйі, қадағалау органының басым бағыттардағы қызметі жөнінде мәлімет берілді.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Бас прокурор Қасым-Жомарт Тоқаевқа активтерді қайтару жұмыстары туралы баяндады. Биыл прокуратура органдары жалпы құны 262 миллиард теңге, соның ішінде шет елден 205 миллион долларға бағаланған активтерді қайтарған. Активтерді басқару компаниясына кәсіпорындардағы құны 82 миллиард теңге болатын мүлік пен үлестер берілді. Жалпы сомасы 450 миллиард теңгеге тең активтерді қайтару туралы келісім мақұлданды.

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған заңсыз берілген және пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы алқаптарын қайтару жөніндегі тапсырмасы орындалып жатыр. Бас прокурор соңғы 4 жылда мемлекетке 17 миллион гектар жер қайтарылып, айналымға енгізілгенін жеткізді. Жайылым тапшылығы 29 миллион гектардан 8 миллион гектарға дейін, яғни 4 есе қысқарды, жерге үлесі бар 11 мың адамның құқығы қорғалды.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.09.2024

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

21.09.2024

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

ЕЛОРДА ТӨРІНДЕГІ САММИТ

Орталық Азия басшылары C5+1 форматында бас қосты

(Басы 1-бетте)

«Орталық Азия – Германия»
форматы:
Көпжақты
ынтымақтастықтың
жаңа кезеңі

Орталық Азияда соңғы жылдары сыртқы саяси қатысушылармен C5 форматында диалог қалыптастырудың бірегей алаңы қалыптасты. Аталмыш алаң еліміздің «Табысты Орталық Азия – табысты Қазақстан» формуласына негізделген. Бұл тұрғыда әлемнің ең дамыған мемлекеті әрі Еуропа Одағының ірі экономикасы саналатын Германиямен кең ауқымды серіктестік орнату – Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері үшін басты басымдыққа ие болып отыр. Орталық Азия мемлекеттері мен Германияның өңірлік стратегиялық серіктестігі құрылымдық негізде дамудың даңғыл жолына түсті. Елордада өткен өңірлік саммитте аймақ елдері басшылары мен Германия канцлері Олаф Шольц арасында сауда, инвестиция, энергетика, экология, көлік-логистика, білім-ғылым салаларында маңызды мәселелер талқыланды.

Орталық Азия – Германия өңірлік саммиті қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдеме қабылданды. Жалпы, өңірлік саммитте талқыланған мәселелерді негізгі төрт топқа бөліп қарастырғанымыз жөн.

«Экономикалық
кеңес» идеясы:
Орнықты дамудың
институционалдық базасы

Біріншіден, Германия мен Орталық Азия елдері арасында экономикалық байланысты нығайтып, сауда айналымын арттыру мәселесі ауқымды талқыланды. Себебі, Еуразия даласында қалыптасып отырған геосаяси жағдаят Азия мен Еуропа арасындағы экономикалық байланысқа жаңаша көзқараспен қарауға негіз болды. Бұл тұрғыда тек Қазақстанның Германияға сомасы 850 миллион долларды құрайтын тауардың 100 түрі бойынша экспорт көлемін ұлғайтуға дайын екендігі осының жарқын мысалы. Өңірлік саммит қорытындысы бойынша Орталық Азияға германиялық инвестицияны тартумен айналысатын «Экономикалық кеңес» құру идеясы барлық мемлекеттер басшылары тарапынан қолдау тап-

ты. Аталмыш кеңес, Орталық Азия мен Германия арасында орнықты дамудың институционалдық базасын қалыптастырады.

Екіншіден, әрине бүгінгі таңда жаһандық маңызға ие болып отырған энергетикалық ресурстар саласына ерекше мән берілді. Себебі, бүгінде тұтас әлемдік қауымдастық энергетикалық дағдарыс алдында тұр. Сондықтан баламалы энергия көздеріне көшу саласында Германия мен Орталық Азия елдері арасында бірлескен жобаларға кірісу уақыт талабы болып отыр. Бұл тұрғыда Каспий теңізінің логистикалық әлеуетін пайдалану маңызды. Каспий теңізімен жасыл энергетика көздерін тасымалдау арқылы Қазақстан, Өзбекстан және Әзербайжан тарапының бірлесуі нәтижесінде болашақта Германия мен Орталық Азия арасында жаңа энергетика тасымалына бағытталған логистикалық дәліз қалыптасады. Бұл салада Қазақстан мен Германия

арасындағы бүгінде сәтті жүзеге асып отырған жобаны айтып өтуге тиіспіз. Мысалы, бүгінде HMS Bergbau компаниясы Шығыс Қазақстан облысында литийді игеру және өңдеу бойынша 500 миллион доллардан асатын инвестициялық жобаны іске асыруда.

Көпжақты дипломатия:
«Орталық Азия плюс»
жобасының
басты артықшылығы

Үшіншіден, енді Еуропа мен Орталық Азия арасы жақындай түседі. Себебі, Каспий теңізі арқылы тауар тасымалдайтын «Орта дәліз» жобасына еуропалық серіктестер тарапынан Global Gateway бағдарламасы аясында 10 миллиард еуро бөлінеді. Бұл дегеніміз, Каспий теңізінің логистикалық әлеуеті бірнеше есе артады дегенді білдіреді. Сондай-ақ, Орталық Азия елдері мен Германия арасында ғылым-

білім қауымдастығын жасанды интеллект, цифрландыру және «жасыл» технологияларды кіріктіру бойынша ортақ бағытқа жұмылдыруда жаңа жобалар жүзеге асатын болады.

Төртіншіден, әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударған мәселе – жаһандық қауіпсіздік. Мемлекет басшысы, Қасым-Жомарт Тоқаев алғаш рет Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыс бойынша ұстанымымен бөлісті. Ақиқатында, ешбір соғыста жеңіс те, жеңіліс те болмайды. Соғыстан барлық тарап ұтылады. Бұл тұрғыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей мен Украин арасындағы әскери қақтығысты Қытай мен Аргентина тарапы ұсынған келісімге келу идеясы негізінде шешуге болады деп атап өтті. Мәселе көпжақты дипломатия аясында ғана түбегейлі шешімін таппақ. Жаһандық қауіпсіздікті қайта қалыптастыру жолында

халықаралық қауіпсіздік ұйымдарының әлеуетін арттыру өте маңызды.

Қазіргі таңда әлемде баламасы жоқ БҰҰ құрылымын реформалауда Қазақстан Германия ұстанымын қолдайтынын айтып, Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болуға әбден лайық екендігін айтты. Сондай-ақ, 2027-2028 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне кандидатурасын ұсынған Қырғыз Республикасына сәттілік тіледі. Бұл ретте «Орталық Азия плюс» жобасының басты артықшылығын байқаймыз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



АҚОРДА

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» БАҒДАРЫ

Заңға қайшы кез келген әрекет үшін
жазадан жалтаруға жол берілмейді

(Басы 1-бетте)

Президентке инвестициялық жобаларды қолдау туралы баяндалды. Берік Асылловтың айтуынша, ел экономикасына 8,3 триллион теңге қаржы құйған 445 инвесторға құқықтық көмек көрсетілген. «Прокурорлық сүзгі» жобасы аясында мемлекеттік органдардың инвесторларға қарсы 500 шешімі бекітілген жоқ. Қабылданған шаралар инвесторлардың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін арттыра түсуге мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, Берік Асыллов Қасым-Жомарт Тоқаевты атышу-

лы бірқатар қылмыстық істің тергелу барысынан хабардар етті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысына есірткі қылмысына қарсы күрестің жай-күйі жөнінде ақпарат берілді. Жыл басынан бері есірткі сатудың 1573 фактісі анықталды. Бұдан бөлек, 15 тоннадан астам есірткі тәркіленген, соның ішінде 1 тонна синтетикалық есірткі бар. 60-қа жуық есірткі зертханасы жойылып, 13 ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекетіне тосқауыл қойылды.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасында айқындалған «Заң және Тәртіп» бағдарын нығайту ісіне

прокуратура органдарының күшжігерін барынша жұмылдыруды, әсіресе, заңға қайшы кез келген әрекет үшін жазадан жалтаруға жол бермеуді тапсырды.

Кеше Мемлекет басшысы сондай-ақ, Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті және күштік құрылым басшыларының жаңадан тағайындалған орынбасарларын да қабылдады.

Ішкі істер министрі Президентке еліміздегі криминогендік ахуал жайында мәлімет берді. Сонымен бірге, ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету,

сондай-ақ кадрлық әлеуетті арттыру жөнінде бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысын, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жағдай туралы баяндады. «Заң және Тәртіп», құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидаттарын іске асыру, сондай-ақ қылмыстың алдын алу шаралары туралы есеп берді. Кездесу соңында Мемлекет басшысы елдегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру бойынша бірқатар міндет жүктеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төр-

ағасының бірінші орынбасары Әли Алтынбаевты, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Терроризмге қарсы қызметтің бастығы Бақытбек Рахымбердиев пен Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы Аңсаған Балтабековті қабылдап, жаңадан тағайындалған лауазымды тұлғаларға тиісті ведомстволарда өздері жетекшілік ететін бағыттар бойынша бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).



САЯСИ ДЕБАТ

ТРАМП пен ХАРРИС

Екі үміткер, екі түрлі көзқарас

10 қыркүйекте экс-президент Дональд Трамп пен вице-президент Камала Харристің арасында алғашқы саяси дебат өтті. Дебат тікелей эфирде «ABC News» телеарнасында ұйымдастырылды. Республикашыл Д.Трамп бұрынғы саяси риторикасына салып, Американы қайтадан ұлы дәрежеге жеткізуге уәде берді. Ал демократ К.Харрис электораттың ішінде әйелдерге арқа сүйеп, олардың аборт жасауға құқығын қорғады. Бір жарым сағатқа созылған дебатта бұдан да басқа кең ауқымды мәселелер қозғалды. Ендеше, үміткерлердің сөзіне жеке-жеке тоқталайық.


Камала абортты қолдады

Дебатты жүргізушілер экономика, аборт, иммиграция және қауіпсіздік, биліктің бейбіт түрде алмасуы, сонымен қатар сыртқы саяси мәселелер бойынша үміткерлерге сұрақ қойды. Сөз ең алдымен Камала Харриске берілді. Бірінші сұрақ мынадай болды: Америкалықтар 4 жыл алдыңғы өмірмен салыстырғанда жақсы өмір сүріп жатыр ма?

К.Харрис америкалықтар үшін «Мүмкіндіктер экономикасын» құруға уәде берді. Оның экономикалық моделінің негізгі артықшылықтары мынаған саяды:

1. Орта тапты қолдау. Харрис өзінің орта тапқа жататын отбасында өскенін және қазір де осы тап өкілі екенін атап өтті. Оның сөзінше «орта тап» ел экономикасының өзегі. Үкімет оларды барынша қолдау керек дейді. Ал Трамп керісінше ірі бизнесті қолдайтынын айтып, оны қолдамауды сұрады.

2. Жас отбасыларға салық жеңілдіктері. Харрис орта тапты қолдай келе, ондағы жас отбасыларға қолдау ретінде 6 мың доллар



(Дереккөз: foreignpolicy.com)

көлемінде салық жеңілдігін жасауға уәде етті.

3. Шағын бизнесті қолдау. Үміткер анасының балаларын шағын бизнесі арқылы асырағанын алға тартып, оларды қолдауға шақырды. Сондықтан 50 мың долларға салық жеңілдігін жасауды ұсынды.

Келесі маңызды сұрақ әйелдердің аборт жасату құқығы болды. Осы тақырыпты К.Харрис ұтымды қолдана білді. Ол сөзін сайлаушылардың әйелдер тарапына қарата айтты. Эмоционалды сөзінде Трампты айыптап, әйелдердің өз тәніне иелік ету құқығынан айырып отырғанын айтты. Әйелдердің аборт жасату құқығын федералды деңгейде қолдайтын және қарастыратын заң қажет екенін атап өтті.

Шет елден келетін мигранттар мәселесінде К.Харрис байсалды сөйледі. Бұл мәселеде Трамп позициясы мығым екені көрініп тұрды. Себебі, халық ішінде мигранттарға деген жағымсыз көзқарас бар екені жалған емес.

Ал биліктің бейбіт түрде алмасу мәселесінде Харристің сөзі де болса үстемдігі байқалды. Ол Трамптың Джо Байденнен жеңілгенін мойындамай жақтастарын Капитолийге наразылық көрсетуге итермелегенін айыптап, мұның демократияға кері әсер еткенін атап өтті.

Сыртқы саясаттағы басты тақырыптар Украина мен Ресей, Израиль мен ХАМАС, сондай-ақ Қытай мәселелері болды. Бұл бағытта Харристің позициясы әлсіздеу болғанын айта кеткен жөн. Себебі, сыртқы саясатта Трамптың әрекеттерін қолдайтын-дар көп.

Дональд Американы ұлықтамақ

Дональд Трамп сайлаушыларға Американы қайтадан ұлы держава етемін деп бірнеше рет уәде берді. Оның сайлауалды стратегиясы

2016 жылғымен ұқсас. Американы қалай ұлы етпек?

Біріншіден, импортқа салықты көбейтпек. Ол алғаш билікке келгенде Қытаймен «сауда соғысын» бастады. Себебі, екі елдің сауда айналымында кері сальдо байқалған. Яғни импорт экспорттан анағұрлым көп болды. Осыны сылтау етіп Трамп әкімшілігі қытайлық компанияларға түрлі шектеулер қойып, салықты көбейтті. Бұл жолы да осы саясатты ұсынып отыр.

Екіншіден, иммиграциямен күрес. Трамп алдыңғы президенттік мерзімде Мексикамен шекарада қамал тұрғызған болатын. Бұл жолы да осы риториканы ұстануда.

Трамп әйелдердің аборт мәселесіне келгенде Харриске есе жібергендей көрінді. Алайда, оның сөздерінен салмақты ойлау байқалады. Ол аборт екі жақты мәселе екенін атап өтіп, бұл мәселеде әр штаттың өзі шешуі керек екенін мәлімдеді. Осылайша ол Харристің федералды деңгейде заң қажет деген сөзіне қарсы болды.

Иммиграция және ішкі қауіпсіздік мәселесінде Трамп қарсыласынан үстем болды. Себебі, сырттан келетін мигранттарға және импортқа салықты арттыруды сайлаушылардың басым көпшілігі қолдайды. Ал биліктің бейбіт түрде алмасуы мәселесі қозғалған кезде ол кібірткітеп қалғандай көрінді. Дегенмен, оған қарсы тағылған айыптар дәлелденбегенін алға тартып, өзін қорғады.

Сыртқы саясат мәселесінде Трамптың басымдығы байқалды. Оның сөзінше ол 2020 жылы президент болғанда Украина мен Ресей, Израиль мен ХАМАС арасындағы әсері қалдығы болмас еді.

Аспаннан «fake» жауған күн

Америкалық саясаткерлерді сүттен ақ, судан таза деп ойласаңыз, қателесесіз. Дебат барысында екі үміткер де өз сөздерінде жалған мәліметтер келтірген фактілер бар. Мысалы, Трамптың «Огайо штатында иммигранттар ит пен мысық жейді», «өзге елден келген қылмыскерлердің кесірінен Америкада қылмыс деңгейі өсті» сияқты мәліметтері дәлелденбеген. Сол сияқты Харристің «егер Трамп билікке келсе, бүкіл елде абортқа тыйым салады», «Трамп Ұлы депрессиядан кейінгі ең ірі жұмыссыздықты қалдырды» сияқты мәлімдемелері жалған.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



ІШКІ САЯСАТ

22–24 қазанда Ресейде, Казан қаласында БРИКС ұйымына мүше елдердің саммиті өтпек.

Жаһандық тәртіптің беріктігі бүгінде сәт сайын сыналуда. БРИКС ұйымына мүше елдер қатары жыл сайын көбейіп келеді. Аталмыш ұйымға биыл Ресей төрағалық етуде. Казан айында БРИКС-тің кезекті саммитін өткізу жоспарланған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш саммитке қатысатынын мәлімдеді. Расында да, БРИКС ұйымының геосаяси, экономикалық әлеуетінен бөлек, идеологиялық, құрылымдық қуаты өте зор. БРИКС ұйымының басты ерекшелігі – батыстық емес елдер арқылы өзара қалыптасқан бірегей жүйе. Сондықтан да халықаралық сарапшылар кейде БРИКС ұйымын халықаралық тәртіптің баламалы нұсқасын қалыптастырушы елдер клубы деп те атайды. Мақаламызда соңғы жылдары мүше елдер саны артып, маңызы мен мазмұны қайта қаралып жатқан БРИКС ұйымының әлеуетін талдап көрелік.

• **БРИКС ұғымы ағылшын тілінде Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Солтүстік Африка елдері атауларының бас әріптерінен құралған атау. Алғаш рет идея ретінде 2001 жылы Голдман Сакс ұйымының негізін қалаушы Дэвид Онилдің зерттеу мақаласында дамушы, қалыптасушы елдер арасында ортақ интеграциялық жобаның ауқымдылығы идеясы негізінде аталып өтті. Алғаш рет Ресей бастамасымен 2006 жылы құрылды. 2011 жылға дейін БРИК деген атаумен болса, Солтүстік Африка республикасы қосылып БРИКС аталды.**

Жаһан елдерін біріктіруші фактор

Биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап, ұйымға Иран, Египет, Эфиопия және Біріккен Араб Әмірліктері елдері қосылды. Бүгінде БРИКС ұйымына 9 ел толыққанды мүше. Сонымен қатар, қосылуға бірнеше мемлекеттер – Беларусь, Пәкістан, Куба, Палестина, тағы да басқа елдер өтініш бергені белгілі. Халықаралық қауымдастық үшін маңызды кезеңнің бірі – 2024 жылғы 2 қыркүйекте Түркия ұйымға мүшелікке өтуге өтініш бергені жарияланды. Блумберг ақпарат агенттігінің жазуынша, ресми Анкараның бұл қадамға баруы,

БРИКС ҰЙЫМЫ

баламалы халықаралық тәртіпті қалыптастыруға әлеуетті ме?



(Фотодереккөз: www.rbc.ua)

соңғы жылдары Еуропалық Одаққа қосылу бойынша процесіте ілгерілеушіліктің болмағанымен байланыстыруда. Экономикалық, геосаяси тұрғыда расында да БРИКС ұйымының әлеуеті артып келеді. Алайда, маңызды бірнеше ескерер тұстарын атап өткеніміз жөн.

Ортақ шешімге келген тиімді

Біріншіден, қазіргідей жаһандық саясаттың сәт сайын құбылып тұрған шағында, әлем елдерін мазалаған мәселелерді ортақ ұйым аясында талқылап, ортақ шешімге келген тиімді. Сондықтан қазіргі таңда сарапшылар арасындағы басты қағидаттардың бірі – БРИКС ұйымының қалыптасуы мен оның халықаралық қауымдастық арасындағы орны туралы ауқымды пікірсайыс жүруде. БРИКС ұйымы әлем елдерін идеологиялық негізде бөлуге емес, ортақ пікір негізінде біріктіруге әрекет жасауы қажет.

БРИКС ұйымына мүше елдер бойынша бүгінде әлем халқының 45%-ы қамтылып, ол ЖІӨ-нің үштен біріне иелік етеді. Сонымен қатар, ұйымға мүше елдерге әлемдік мұнай қорының 40%-ы тиесілі. Расында да, әлеуеті жоғары ұйым-

ның жаһандық қауіпсіздікті жалпыға ортақ идеялар негізінде тұрақты етуге мүмкіндігі бар ма?

Бүкіләлемдік сауда ұйымының өткен жылғы Бали келісіміне берген қолдаулары да жаһандық сауданың бағытының өзгеретінін көрсетеді. Инфрақұрылым инвестицияларын ынталандырып, үшінші елдермен де бірігіп жұмыс істеу жоспары арқылы өз желісін қалыптастыруды жылдамдатқан осы ұйымның елдері инвестицияларының алдағы уақытта ықпалының артатынына сенеді. Себебі, БРИКС елдері барлығы 5,2 триллион доллардан асқан резервті басқарып отыр. Жаңа Даму Банкі және Квота резервтік қоры келісім-шарты арқылы алғашқы нақты қадамын басқан аталмыш бес ел жаһандық сценарийде жаңа бастамалар көтеретін бір үдерісті бастады.

Біз үшін жаңа баламалы бағыт

БРИКС ұйымы алдағы уақытта технология трансфері, қорғаныс өнеркәсібі және ішкі қауіпсіздік, өз университет одағын құру сынды тақырыптарда іс-қимыл жоспарын дайындады. Осы жобалар БРИКС ұйымының әлемдік экономикадағы орнымен бірге қолға алынса, одақтың әлеуеті анық көрінеді. Қысқаша айтатын болсақ, Американың билігін қалдырмайтын және көп полярлы әлемдік жүйені қалыптастыруды жоспарлаған елдер сөзден іс жүзіне көше бастады. Осы істердің әлемге алып келерін, қаншалықты табысты боларын алдағы уақыт көрсетеді.

Сонымен, Қазанда өтетін БРИКС ұйымының кезекті саммитінің мәні мен мазмұны ерекше болмақ. 2024 жыл – ұйым үшін мүше елдер санының артып, ықпалының кеңейген жылы. Қазақстанның көпвекторлы танымға негізделген сыртқы саясатында БРИКС ұйымы жаңа баламалы бағыт ретінде қалыптасқаны айқын. Себебі, еліміз аймақтағы әрбір саяси бағытта, ұйымда мемлекеттік мүддемізді тең деңгейде қорғай білуі маңызды. Жаһандық қауымдастықтың белді мүшесі бола отырып, ауқымды әлеуетке ие БРИКС ұйымы елдерімен байланысты нығайту – еліміздің негізгі бағыты болып қала бермек.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы.

МЕЙІРІМ

«МҮМКІНДІКТЕР УАҚЫТЫ – БОЛАШАҒЫ БАР БАЛА»

Ерекше қажеттілігі бар балалардың өмір сүру сапасын жақсарту әрі олардың отбасын қолдауға орай батыл қадамдар жасауға негіз болатын қарар әзірленуде

Алматыда өтіп жатқан халықаралық конференцияда сарапшылар бірегей ерте араласу орталығын құруды талқылауда. Қаламыздағы бұл ерте араласу орталығы балаларға кешенді көмек көрсету үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Енді шаһарымызда балалардың дамуындағы ерекшелікті уақытылы анықтауға бағытталған ерте араласу жүйесі жұмыс істей бастайды.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Мегаполисте басталған «Мүмкіндіктер уақыты – болашағы бар бала» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда елімізден, шет елдерден келген жетекші сарапшылар мен практиктер ерекше қажеттілігі бар балаларға ерте көмек көрсетуге қатысты маңызды мәселелер мен елімізде ерте араласу жүйесін дамыту перспективасы талқыланды.

Бұған дейін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен мегаполисте Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бірегей ерте араласу орталығы құрылған болатын. 2024 жылдың басынан бастап ұрықты қорғау орталығының ерте араласу жүйесі аясында «Бір күндік клиника» жобасын іске асыра отырып, туа біткен даму ақауларының 918 жағдайы анықталды. Осылайша даму ақауын ерте анықтау қамтамасыз етілуде. Әлбетте, мұның нәтижесі нәресте өлімінің азаюына әкеледі.

«Алматы қаласының ерте араласу жүйесі өмірдің ең ерте кезеңінде балалар-

дың дамуындағы ақауды анықтау мен кешенді көмек көрсетуге бағытталған. Жүйелі жұмыс нәтижесі балалардың мүгедектік деңгейін төмендетіп қана қоймай, балалар мен олардың отбасының өмір сүру сапасын едәуір жақсартуға көз жеткізгендей. Жаңадан құрылған ерте араласу орталығының бірегейлігі – осы тәртіп негізінде денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау басқармалары арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүйесін енгізу. Бұл баланы ерте араласу бағдарламасына анықталған және қабылдаған сәттен бастап, ол аяқталғанға дейін ведомстволық өзара іс-қимыл барысын кезең-кезеңімен сипаттайды», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Қала әкімінің орынбасары жаңа орталықтың артықшылығын да атап айтты. Бұл ретте қадамдық қолжетімділік қағидатымен қаламыздың әрбір ауданында ерте араласу қызметін құру тұр. Мұнда бала мен оның отбасына көмек көрсетуге жан-жақты көзқарасты қамтамасыз ететін мамандардың пәнаралық тобының қызметі қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, ерте араласу бағдарламасын тиімді іске асыру барысында барлық қатысушылардың жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ету маңызға ие. Ерте араласуды енгізудің ведомстволық өзара іс-қимылы жөніндегі Алматы әкімдігінің комиссиясы құрылады.

Іс-шарада елімізде ерте араласу жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлануда.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚҰЛЖА ТРАКТІСІ

4-тен 6 жолаққа дейін кеңейтілді

Алматыда Рысқұлов даңғылынан Бұқтырма көшесіне дейінгі учаскеде Құлжа трактінің жүріс бөлігін реконструкциялау аяқталды. Жол 2,3 км учаскеде 4-тен 6 жолаққа дейін кеңейтілді, бұл оның өткізу қабілетін екі есеге арттырды.



Қалалық мобильділік басқармасы реконструкцияланған учаскенің барлық ұзындығында жолдың негізін салу, асфальтбетон жабынының төменгі және жоғарғы қабаттарын төсеу бойынша жұмыстар жүргізілгенін хабарлады. Сондай-ақ, жаңа жарықтандыру тіректері орнатылып, уақытша жол белгілері қойылды.

Бұл ретте жолдың шеттерінде тосқауыл қоршауын және жолдың екі жағынан ені 2-ден 3 метрге дейінгі тротуарларды орнату жұмыстары жалғасуда. Жобаны ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Естеріңізге сала кетейік, мегаполис әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша жұмыстар ең аз қозғалыс шектеулерімен жүргізілді. Әр кезеңде екі бағыт бойынша екі жолақты қозғалыс қамтамасыз етілді.

ЖОБА

АЙНАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

«Халық қатысатын бюджет» қалалық бағдарламасына өтінімдерді қабылдау 9 қыркүйекте басталды. Бір апта ішінде budget.open-almaty.kz сайтына тұрғындардан 248 өтініш келіп түскен. 2023 жылдың сәйкес кезеңінде 151 ұсыныс түскен.

Ең көп өтінім Алматы қаласының Наурызбай ауданында берілген – 159 жоба. Екінші орында Түркісіб ауданы – 26 ұсыныс.

Көбінесе қала тұрғындары балалар және спорт алаңдарын орнату және ағымдық жөндеу, аулаларды жасылдандыру, сондай-ақ қоғамдық аумақтарды жарықтандыру жобаларын ұсынады.

2025 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша идеяларды іске асыру үшін ағымдағы жылдың 25 қыркүйегіне дейін budget.open-almaty.kz порталына өтінім беру қажет. Барлық кәметке толған тұрғындар бюджет қаражаты есебінен қаланың аулаларын, көшелері мен аумақтарын абаттандыру бойынша ұсыныстар жасай алады.

Байқау 8 кезеңнен тұрады: өтінімдерді қабылдау, сараптамалық бағалау, авторлардың жобаларды пысықтауы, пысықталған ұсыныстарды қарау, дауыс беру, дауыс беру қорытындыларын шығару, бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру, жобаларды іске асыру.

Өтініштерде жобаның атауы мен сипаттамасы, орналасқан жерінің мекенжайы, болжалды фотосуреттер, сызба немесе эскиз, жобалық ұсыныстың сметасы болуы керек. Бір өтініш 92,3 млн теңгеден (25 мың АЕК) аспауы керек.

Жобалар келесі санаттар бойынша қабылданады: жасылдандыру, тротуарларды жайластыру, тротуарларды, пандустарды, суару арықтарын салу және жөндеу, қоғамдық аумақтарды құру, жөндеу және жарықтандыру, бордюрлерді, брусчаткаларды, тірек қабырғаларды жөндеу, қоқыс алаңдарын жою, қоғамдық орындарда беседкаларды, орындықтарды, қоқыс жәшіктерін, балалар ойындары мен ересектердің демалуына арналған құрал-жабдықтарды жөндеу, аула аумақтарында және қоғамдық орындарда спорт алаңдарын, балалар ойын алаңдарын орнату, жөндеу және жарықтандыру, санитарлық тәртіпті қамтамасыз ету.

Ережелер туралы толығырақ budget.open-almaty.kz интернет-порталынан оқыңыз.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ЖАҢА ЖАТАҚХАНА АШЫЛДЫ

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарының студенттері үшін жатақхана өте өзекті мәселеге айналып отырғаны жасырын емес. Дегенмен, қазіргі кезде осы мәселені шешу үшін бүкіл жауапты құрылымдар бел шеше кірісіп жатыр. Алматыда 103 төсек-орынды жаңа жатақхананың ашылуы осы нәтижелі жұмыстың жемісі.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа оқу жылының басталғанына біраз уақыт өтсе де, студенттерді жатақханаға орналастыру мәселесі әлі де жалғасып жатыр. Міне, Алматыдағы жоғары оқу орындарының студенттері үшін жаңа жатақхана пайдалануға берілді.

Жаңа жатақхана жеке инвестициялардың қаражатына салынып отыр. Мұнда студенттерге жайлы бөлмелер, ас бөлмесі, оқуға және демалуға арналған бөлмелер бар. Қысқасы, студенттің алаңсыз оқуына барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, интернетпен (WiFi) қамтамасыз етілген коворкинг аймағы да қарастырылған.

«Жатақханамыз сондай керемет! Бөлмелері кең әрі жарық, қажеттінің бәрі бар. Сонымен қатар, асхана мәселесі де ойымыздағыдай. Тағамдары арзан әрі дәмді. WiFi жылдамдығы жоғары. Біздің еркін сабақ оқуымызға өте ыңғайлы», – деді осы жатақхананың тұрғыны Ербол Балтабаев есімді



студент. Замандасының бұл пікіріне қосылған Әділет Досымбеков атты студент:

«Менің жатақханам өте ыңғайлы. Мұндағы коворкинг аймағы заманауи жабдықтармен қамтылған, сондықтан сабағымды оқып, жобаларымды жасау үшін тамаша орын. Жұмыс істеп отырған кезде басқа студенттермен қарым-қатынас жасап, тәжірибе алмасуға да мүмкіндік бар. Сонымен қатар, мен тұрып жатқан жатақхананың аялдамаға жасын орналасуы да кез келген бағытқа барарда уақытты үнемдеп, қала ішінде еркін қозғалуға мүмкіндік береді», – дейді.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының мәліметінше, оқу жылы басталғанға дейін Алматыда 1920 орынды 6 жатақхана ашылса, жыл соңына дейін Алматы қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесінің қол-

дауымен 3105 орынды 4 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отырған көрінеді. Жатақхана тапшылығы мәселесін шешу мақсатында 2024 жылы жалпы 5025 орынды 10 нысан, ал 2025-2026 жылдары 34 295 орынды 33 нысан пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Дәл қазір жатақхана құрылысын тиімді үйлестіру үшін студенттік жатақханалар құрылысы бойынша жобалық кеңсе жұмыс істеп тұр. Осы жобалық кеңсе арқылы Алматы қаласында жатақханалар құрылысы бойынша мемлекеттік бағдарламаны іске асыру және студенттерді тұратын үймен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасалады. Мәселен, Жобалық кеңсе ашылғаннан бастап 120 әлеуетті инвестор жүгінсе, оның 67-сі қазір жұмысқа кіріскен, бұл қолдау механизмі жұмысының жүйелілігін көрсетеді.



БРИФИНГ

ЖҰМЫС ТАППАЙ ЖҮРСІЗ БЕ?

Жәрмеңкеге келіңіз...

Тұрақты жұмысқа орналасуды жоспарлап жүрсеңіз, 20 қыркүйек күні, сағат 14.00-де Алматының Арбатына, нақтырақ айтқанда, Жібек жолы мен Панфилов көшелерінің қиылысына келіңіз. Бүгін мұнда Еңбек күніне арналған жалпы қалалық Бос орындар жәрмеңкесі өтеді.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Мансап орталығының басшысы Әділет Жаңабаев мәлімдеді. Спикердің айтуынша, жәрмеңкеде қаланың 60 кәсіпорны 300-ден астам жұмыс орнына 1000-нан астам бос жұмыс орындарын ұсынады.

– Жәрмеңкенің негізгі мақсаты оқу орындарының түлектерін және барлық жұмыс іздеушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу болып табылады. Іс-шараға қызмет көрсету, қаржы, өндіріс, сауда, қоғамдық тамақтану және басқа да салалардың өкілдері қатысады. Жұмыс іздеушілер жұмыс берушілермен жеке сөйлесе алады, өз түйіндемелерін ұсына алады, жұмыс шарттарын талқылай алады және алдын ала әңгімелесуден өте алады, – деп бөлісті Ә.Жаңабаев.

Жәрмеңкеде жастар мен жұмыссыз азаматтарға ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, халықты жұмыспен қамтуды қолдауға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар ұйымдастырылады. Қатысушылар сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін кәсіптік оқудан өте



алады, сонымен бірге «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламаларын пайдалана алады.

Толығырақ ақпаратты Достық даңғылы, 85 мекенжайында орналасқан Алматы қаласының Мансап орталығынан немесе + 7 (727) 310-47-82 телефон нөмірі бойынша алуға болады.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

1,5 МЫҢНАН АСТАМ МОПЕД айыппұл тұрағына қойылды

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Ішкі істер органдарының негізгі міндетінің бірі. Алматылық полицейлер мопедтердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының жиілеп кеткенін мәлімдеді. Алматы жолдарында мопед, самокат, скутерлер өріп жүр. Бір өкініштісі, көліктің осы түрлерімен жүрген жүргізушілердің басым көбі қарапайым жол қозғалысы ережесін сақтамауда.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«Қарапайым жол қозғалысы ережесін сақтамау салдарынан қала жолдарында апатты жағдай жиілеп кетті. Жол-көлік апаты оқиғасы салдарынан адамдардың жарақаттануы көбейіп, оқиға соңы кісі өліміне ұласуда. Таяуда ғана мопед мінген 19 жастағы жасөспірім жол қауіпсіздігін сақтамай, қайғылы жағдайға душар болды, – дейді Алматы қаласы ПД ЖПКБ патрульдік полиция полкінің командирі Оралбек Ахимов.

Биыл жыл басынан бері Алматыда мопедтердің қатысуымен 523 жол-көлік оқиғасы болды. Нәтижесінде 535 адам жарақат алып, 11 адам қаза тапты. Жол қозғалысы ережесін бұзған 19 мыңнан астам мопед жүргізушісі әкімшілік жауапқа тартылды. Мамандандырылған айыппұл тұрағына 1,5 мыңнан астам мопед қойылды.

«Жүргізуші қауым, көлік құралының қауіптілігі жоғары болғандықтан, темір тұлпарыңызды тізгіндеген кезде жол қозғалысы ережесінің барлық талабын орындап, аса абай болған жөн. Бұл қауіпсіздік амалдары жол-көлік апатынан, жарақат алу мен түрлі қайғылы жағдайдан сақтануға мүмкіндік береді», – деп ескертеді патрульдік полиция полкінің командирі.

ӨНЕРКӘСІП

Жаңа зауыт ашылды

Алматы қаласының Жетісу ауданында «ІМБ 2022» құйылған модификацияланған бетон өндіру зауыты жұмысын бастады. Өндіріс орны 100-ден астам адамды жұмыспен қамтымақ.

Кәсіпорынның технологиялары күрделі архитектуралық формадағы құрылымдарды толтыруға мүмкіндік береді. Құйылған модификацияланған бетонды монолитті құрылыстарды салу кезінде де, одан бұйымдар жасау кезінде де қолдануға болады.

– Біздің ауданда 174 ірі және орта кәсіпорын жұмыс істейді. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 174 млрд теңгені құрады. Айтпақшы, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 5%-ға өсті. Және жаңа кәсіпорынның пайда болуының арқасында арта береді. Жаңа зауыт алдағы жылы 100-ден астам жұмыс орнын ашады, бұл еңбек нарығына жағымды әсер етеді, – деді Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева.

Болашақта зауыт жоғары дәнекерленген бетондар шығаруды және жылына 100 мың м3 тауарлық бетонның өндірістік қуатына шығуды жоспарлап отыр.

САУДА ҮСТЕМЕСІ

Тұтынушыларға 303 239 531 теңге қайтарылды

Алматыда тұтынушыларға жыл басынан бері 300 млн теңгеден астам қаржы қайтарылды.

Жыл басынан бері Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті тұрғындардың құқығының бұзылуына байланысты 6000-ға жуық өтінішін қарады. Бұл жайында ведомство қызметінің қорытындысына арналған ӨКҚ брифингінде мәлім етілді.

Басқосуда 40 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде тұтынушыларға 303 239 531 теңге қайтарылғаны айтылды. Департамент тарапынан заң бұзуға қатысты 168 әкімшілік шара тағайындалған. Департамент басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиевтің айтуынша, ең көп тараған заң бұзушылық – тұтынушылар талабына уақытылы жауап



бермеу, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына заңнамада белгіленген сауда үстемесін бұзу.

«Департамент жұмысының маңызды бағыты – сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы заңнама нормасын

ЦИФРЛЫҚ АКТИВ

«КИБЕРНАДЗОР» ЖҮЙЕСІ

134 интернет-ресурсты бұғаттады

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында қалалық Экономикалық тергеу департаментінің жыл басынан бергі жұмысының нәтижесі мәлім етілді.

Баспасөз мәслихатында ведомствоның басым міндетінің бірі көлеңкелі экономикаға, соның ішінде цифрлық активтердің заңсыз айналымына қарсы күрес екені атап айтылды. Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің басшысы Данияр Ақжановтың айтуынша, жыл басынан бері Алматыда 111 экономикалық қылмыс тіркелген, оның 79-ы сотқа жіберілген. Ауыр қылмысқа қатысты 68 жағдай тіркеліпті. Тергеу нәтижесінде мемлекетке мүлікке тыйым салу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, 47,7 млрд теңге қайтарылған.

«Ақшаны жасылтауды және заңсыз әрекетті қаржыландыруда жиі қолданылатын цифрлық активтердің заңсыз айналымымен күресуге баса назар аударылады. 2023 жылғы 6 ақпанда күшіне енген еліміздің «Цифрлық активтер туралы» жаңа Заңына сай, республика аумағында («Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағын қоспағанда), қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға, оның айналымына тыйым салынады», – деп мәлімдеді Д.Ақжанов.

Бүгінде аталған департамент 58,5 млн АҚШ долларынан астам көлемде цифрлық активті айырбастау жөніндегі заңсыз қызметке байланысты алты қылмыстық істі тергеуде. Алдын алу мақсатында «Кибернадзор» жүйесі арқылы осындай қызметпен айналысатын 134 интернет-ресурс бұғатталды. Сондай-ақ, криптовалюта заңсыз пайдалану жағдайын белсенді түрде зерттейтін цифрлық активтер саласындағы құқық бұзушылықпен күресуге арнайы «Криптон» бөлімшесі құрылған. Сөз арасында айтарымыз, аталған арнаулы қызмет мамандарының осындай батыл әрекет нәтижесінде көлеңкелі экономикаға құйылатын цифрлық активтердің заңсыз айналымына тосқауыл қою – ел экономикасы және қаржы секторын дамытуға қосып отырған елеулі үлес екені даусыз.

сақтауда кешенді іс-шара жүргізу. Келіп түсетін өтініштердің негізгі үлесі бөлшек сауда мен электрондық сауда саласына қатысты. Мұны департамент жүйелі түрде қарастырады», – деп атап өтті Н.Әбдиев.

Тұтынушыларға тұрмыстық қызмет көрсету саласында сапасыз қызмет көрсетілетін кездер де болады. Департамент тұтынушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, өтініш жасауға құқықтық көмек көрсетеді әрі одан ары сотқа үшінші тұлға ретінде қатысуды ұсынады.

Департамент Алматы қаласының қоғамдық ұйымдарымен қала азаматтарының, тұтынушылардың құқығын қорғау саласында бірлескен жұмыс жүргізуде. Соның нәтижесінде 24 бизнес субъектісі әкімшілік жауапқа тартылды. Сондай-ақ, биылғы 8 айдың қорытындысында жосықсыз фактілер жойылып, 396 әкімшілік хаттама толтырылды.



АЭС

ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ

Алматы кәсіпкерлерімен кездесті

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған, құрамында депутаттар, сарапшылар мен қоғам қайраткерлері бар АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері Аманат партиясының кеңсесінде Алматы кәсіпкерлерімен кездесті. Онда олар АЭС салуға қатысты референдум өткізу мәселелерін талқылады.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мәулен Әшімбаев бизнес өкілдерімен кездесуде Мемлекет басшысының АЭС салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум өткізу туралы бастамасының маңызына назар аударды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 6 қазанда Қазақстанда АЭС салу мәселесіне қатысты республикалық референдум өтеді. Осыған байланысты Халықтық штаб референдумның міндеттерін және осы салада туындайтын басқа да мәселелердің маңызын түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Бүгінде еліміз көмірқышқыл газының жан басына шаққандағы шығарындылары бойынша әлемде алдыңғы орындардың бірін алады. Еуропалық Одақ елдерінде 2026 жылдан бастап көміртегі салығы енгізіледі. Басқа елдерден тауарлар импорттаған кезде көмірқышқыл газының шығарындылары үшін қосымша елеулі алымдар алынады. Бұл біздің экспорттаушылар үшін қиындықтар туғызатыны анық. Сондықтан экономикамызда көміртегі қалдығын азайтып, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізіміз керек, – деді Мәулен Әшімбаев.

Ол сондай-ақ, ЖЭО, ЖЭК, гидроэнергетиканы қатар дамыту маңызды екенін атап өтті. Бірақ сонымен бірге электр энергиясын әртараптандыру шеңберінде Қазақстанға атом энергетикасын дамыту қажет, біздің елімізде оған қажетті ресурстар бар.

Өз кезегінде Ұлттық Ғылым академиясы-

ның президенті Ақылбек Күрішбаев еліміздегі электр қуатының тапшылығын жою үшін жаңа энергия көздерін іздеу қажеттігін атап өтіп, АЭС бойынша халықаралық статистиканы келтірді.

– Электр энергиясы – біздің өміріміздің бір құрамдас бөлігі. Біз көршілерімізге тәуелді болмауымыз үшін жаңа энергия көздерін іздеуіміз керек. Көмір жағатын бір ғана ЖЭО 3-тен 7 млн тоннаға дейін көмірқышқыл газын шығарады. Сондықтан бізге мамандар айтпақшы, тұрақты энергия қажет. Мысалы, күн энергиясын пайдалана алатын БАӘ Абу-Даби маңында 4 энергоблокты атом электр станциясын салды. Бұл көп мәселені шешеді. Мен дамушы елдердегі атом электр станциялары туралы мынадай статистика келтіре кетейін: Армения – 1, Белоруссия – 2, Чехия – 6, Словакия – 5, Венгрия – 4, Румыния – 2, Пәкістан – 6, Үндістан – 20, Иран – 1 станция салған. Қазіргі уақытта 15 ел шешім қабылдады. Олар жақын арада 62 атом электр станциясын салатын болады. Энергетиктердің болжамы бойынша 2050 жылға қарай әлемде атом энергетикасының саны артады. Ең бастысы, халық сенімді ақпаратқа жүгінуі керек, – деп атап өтті Ақылбек Күрішбаев.

«Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палата-

сы төралқасының төрағасы Райымбек Баталов бүгінгі таңда бизнестің ең басты проблемасы – инженерлік желілер мен электр энергиясының тапшылығы екенін атап өтті. Ол өз сөзінде электр қуатының тапшылығы бизнесті дамытуға кедергі келтіретінін және бұл мәселені стратегиялық тұрғыдан шешпеу қауіпті екенін жеткізді.

– Жаңа технологиялардан бас тарту – өз жолымызды өзіміз бөгеіп, өз қолымызды өзіміз кескенмен тең. Қазақстан технологиялық серпіліс шегінде тұр, сондықтан атом энергетикасын дамытудың біз үшін маңызы зор. Жалпы, біз бұл шешімді қолдаймыз және экономикамыздың дамуына елеулі мультипликативтік әсер беретініне сенімдіміз, – деді Райымбек Баталов.

Кездесу барысында «Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ Бас директоры Тимур Жанткин 2018 жылы ең қауіпсіз аймақты таңдау үшін атом электр станциялары бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізгенін атап өтті. Таңдау елдің оңтүстігіне, Балқаш көлінің жанына түсті. 2019 жылы бұл зерттеу таңдаудың дұрыстығын бағалау үшін халықаралық сарапшыларға берілді.

– Қазақстан бүгінде Қытай пайдаланатын ядролық энергияны өндіретін ең жоғарғы дәлізге жетті. Біз уранның ең жақсы

экспорттаушыларымыз, сонымен қатар бізде ғылым бойынша қуатты база бар. Біз қазіргі атом электр станцияларында қолданылатын су-сулы реакторларын көрдік. Үшінші буын реакторларында апаттар болған жоқ, олардың ықтималдығы 10 миллион жылға дейін. Қымбат болғанымен, атом энергетикасы тұрақты болып саналады. Бірақ кейін оның пайдасын көретін боламыз, бұл бизнес үшін де өте ыңғайлы, – дейді Т.Жанткин.

Ол сондай-ақ, АЭС қалдықтарымен жұмыс істеу туралы айтты. Қазақстанда ядролық реакторлардан шыққан қалдықтарды кәдеге жарату бойынша үлкен тәжірибе бар. Жылына реакторда шамамен 50–60 текше метр қалдық пайда болады. Қалдықтармен жұмыс атом электр станцияларын құру құнына салынады.

Ресми бөлімнен кейін Алматы кәсіпкерлері Халықтық штаб мүшелерін қолдап, өз жұмыс ұжымдары арасында референдум бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.

Мәулен Әшімбаев ел Президентінің бастамасымен 6 қазанға жоспарланған жалпыұлттық референдум елдің дамуы үшін маңызды екенін атап өтіп, азаматтарды референдумға қатысып, дауыс беруге шақырды.

КЕЗДЕСУ

Білікті мамандар бар

АЭС салу жөніндегі халықтық штаб мүшелері Сәтбаев университетінің ұжымымен кездесті. Шара барысында атом электр станцияларын салу бойынша алдағы референдумның мәселелері талқыланып, атом энергетикасының артықшылықтары айтылды. Сондай-ақ, экология, өнеркәсіп, экономика және кадр даярлау мәселелері қозғалды.

Ядролық физика институтының ядролық қауіпсіздік бойынша оқу орталығының жетекшісі Наталья Измайлова институтта АЭС-те жұмыс істей алатын жақсы мамандар дайындалғанын алға тартты. Н.Измайлованың айтуынша, алдағы референдумда оң шешім қабылдағанда кадр мәселесінде ешқандай қиындық болмайды. Сондай-ақ, институттың қызметі туралы жалпы ақпарат берді:

«Ядролық физика институтын құру туралы қаулы 1957 жылы шықты. 1967 жылдан бастап біздің негізгі қондырғымыз жасалды, бұл зерттеу су-сулы реакторы. Сонымен қатар, біздің зертханаларымыз бен ғылыми-зерттеу нысандарымызда түрлі ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі. Біздің ғалымдарымыз бен өндіріс қызметкерлеріміз

жаңа технологияларды әзірлеп, енгізуде. Институтта 18 зертхана және 700-ге жуық маман бар. Оның 70-і ғылым кандидаттары мен докторлары», – деді ядролық қауіпсіздік жөніндегі оқу орталығының басшысы Наталья Измайлова.

Сондай-ақ, оның айтуынша елімізде АЭС салынатын болса жаңа буынды III және III+ буынды реакторлар қолданылады. Бұл жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ететін реакторлар. Сонымен қатар, заманауи АЭС 8 баллдық жер сілкінісіне төтеп бере алады.

Атом электр стансалары әлемдегі ең таза энергия көздері болып табылады. Сонымен қатар, атмосфераға парникті газдарды шығармайды. Осы туралы «Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев айта кетті.

– Бізге еліміздің экономикасын дамыту үшін энергия керек. Таза жасыл энергия. Әлемге уранға бай еліміз деп жар саламыз. Алайда, оны тек шикізат ретінде сатып отырмыз. Неліктен біз уранды дұрыс пайдаланып, АЭС салып, энергияны тұтынушыға ұсынбасақ?! Мәселен, экологияға тоқталсақ. Елімізде 100 млн тонна өндірістік қалдық бар. Оны қайта өңдеу үшін де үлкен энергия қажет. Сонымен қатар, елге көптеген инвестициялар тартып жатырмыз. Солардың бірі – Кентау байыту комбинаты. 500 млн доллар инвестиция тартылды. Бірақ ол комбинатты жасауға мүмкіндік жоқ. Себебі, энергия тапшылығы бар, – деді Азаматхан Әміртаев.

Қ. ЖҰМАДІЛОВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Н.БІРІМБЕТОВА,
ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының доценті, э.ғ.к.:

Ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді

Қазіргі жағдайда атом энергетикасын дамыту объективті қажеттілік болып табылады, ол шын мәнінде ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл келесі жағдайлармен байланысты ұлттық ауқымдағы мәселелердің шиеленісін шешуді білдіреді.

- жаһандық энергия тапшылығының артуы;
- сенімді және экологиялық таза энергия көздеріне қажеттілік;
- әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын болжау.

Жеткілікті түрде бай энергетикалық ресурстарға иелік ететін еліміздің ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі таңда ұзақ мерзімді болашақ үшін ұлттық мүдделерді нығайту туралы ойлану заңды. Сондықтан біз атом электр станциясын салу қажеттілігі туралы айтып отырмыз. Энергия өндіру әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта энергияның 65%-ын көмір электр станциялары өндіреді. Әрине, бұл арзан электр энергиясы, бірақ екінші жағынан, қоршаған ортаның ластану деңгейі жоғары. Оның үстіне мұндай жобаларды халықаралық қаржы институттары қолдамайды.

Газ турбиналық электр станциялары экологиялық таза деп саналады, бірақ біздің елімізде көгілдір отын қоры көп емес. Жел және күн электр станциялары Қазақстандағы электр энергиясын өндірудің шамамен 6%-ын құрайды. Алайда, республикамыз көмір станцияларынан әлі толық бас тарта алмайды. Осыған байланысты Екібастұз қаласында энергия өндіру кешені және Қазақстан қалаларында үш жаңа Жылу электр станциясы игерілуде. Бірақ олар бірлессе де, энергия қажеттілігін өтей алмайды. Бұл тұрғыда еліміздің энергияға тәуелсіздігін қамтамасыз етудің дұрыс шешімі атом электр станциясын салу болып табылады. Әрине, бұл мәселеге өте мұқият қарау керек, өйткені бір мезгілде, біріншіден, ұлттық мүдделер, екіншіден, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері шешіледі.

Мұндай таңдауды біздің ұрпақтарымыз жасауы керек, яғни халықтың жауапкершілігі өте жоғары. Техникалық есептеулер мен негіздемелердің сенімділігі соншалықты, бұл бізге референдумға жақсы көңіл күймен келуге мүмкіндік береді деп үміттенейік. Атом электр станциясының құрылысына қатысты күмән баламалы тәсілсіз болашақ станцияның үлгісін таңдаумен байланысты. Бұл дегеніміз – құрылысшы елдер арасында байқау жүргізу қажет, құрылысты «қолдайтын» және оған «қарсы» нанымды дәлелдер қажет дегенді білдіреді. Әйтпесе, дауыстардың абсолютті көпшілігі қате болуы мүмкін. Әрқайсымыз үшін өзіміздің, жоғарыдағылардан өзгеше, қиын болса да өз пікіріміз болуы қажет. «Жоқ» деп айтсақ та өкінеміз. Мүмкін, әрқайсымыз өз таңдауымызды жасайтын шындық сәті болуы мүмкін. Референдумның оң шешімі бүгін де, ертеңгі күні де халқымыздың игілігі үшін болсын.



ЖИЫН

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ КӨЗІ

АЭС – экономикамыз үшін жаңа серпін береді

«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында Қазақстандағы атом электр станциясын (АЭС) салу мәселесін талқылауға арналған жиын өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлжан КУРТИБАЕВА,
ҚР ЭМ «Ядролық физика
институты» ШЖҚ РМК
радиациялық қауіпсіздік
қызметінің жетекші инженері:

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛІ



Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап небәрі 33 жасқа толған жас мемлекет. Бірақ жасына қарамастан, біздің елімізде үлкен және өріл жоспарлар бар.

Қоғам талқысындағы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – АЭС салу мәселесі. Бұл мәселеде жастардың да пікірімен санасып, ой бөлісуді жөн санағандарыңыз үшін рахмет айтамын.

Жалпы, қазіргі заманғы атом электр станцияларын ел үшін энергия өндірудің негізгі көзі деп және оны қауіпсіз түрде «жасыл энергетика» деп атауға болады. Атом электр станциялары – әлемдегі электр энергиясының маңызды көздерінің бірі. АЭС арқылы көптеген елдер экономикалық және әлеуметтік дамуда негізгі мәселелерін шешіп жатыр. Соңғы уақытта елімізде электр қуатының жетіспеушілігінен желдеткіштердің өшіп қалып жататын жағдайлар жиілеп кетті. Менің түсінігімде өз қызметі үшін көмір немесе газды пайдаланатын ЖЭО сияқты баламалы электр энергиясын өндірушілермен салыстырғанда, АЭС энергия тиімділігі бойынша абсолютті көшбасшы болып табылады. Оның артықшылықтары көп, мәселен, экологиялық таза энергия: Атом электр станциялары климаттың өзгеруінің негізгі себебі болып табылатын көмірқышқыл газы (CO2) сияқты парниктік газдарды атмосфераға шығармайды. Олар іс жүзінде ауа мен судың ластануына ықпал етпейді, бұл қоршаған ортаға әсерді азайтады.

Жалпы, атом электр станциясы, бұл өте жоғары технологиялық және сенімді кешен, оған заманауи жабдықтар, жоғары білікті кадрлар және ең бастысы, бұл қауіпсіздіктің заманауи тәсілі.

АЭС салу біздің экономикамыз үшін ауыр және орта өнеркәсіптің дамуына жаңа серпін бола алады. Менің ойымша, бұл ел үшін ерекше маңызды рөл атқаратын елдің энергетикалық қауіпсіздігі.

қамтитын өте жоғары технологиялық және сенімді кешен екенін атап өткен жөн. АЭС біздің экономикамыз үшін орта өнеркәсіпті, елдің ғылымы мен энергетикалық тәуелсіздігін дамытуға жаңа серпін береді, – дейді «Ядролық физика институты» РМК-ның радиациялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Михаил Мухортов.

Мәслихат депутаты Әсия Аканованың айтуынша, атом электр станциясының құрылысы электр энергиясы тарифтерінің бағасын тұрақтандыруға оң әсер етуі мүмкін.

– Энергетика министрлігінің мәліметінше, біз жыл сайын 152 миллиард Ватт тұтынамыз, оның 20 миллиардтан астамын Ресейден сатып алып отырмыз. Уақыт өткен сайын шығын көлемі айтарлықтай артып келеді. Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бізде өзіміздің тұрақты энергия көзіміздің болуы маңызды, – деді спикер.

Естеріңізге сала кетейік, АЭС салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум 6 қазанда өтеді. Мемлекет басшысы тиісті Жарлыққа 2024 жылғы 2 қыркүйекте қол қойған болатын.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

ПАЙДАСЫ ДА, ӨНДІРЕТІН ЭЛЕКТР ҚУАТЫ ДА МОЛ

Көк Туы көкке желбіреген егемен ел болғалы да біршама жыл өтті. Бүгінгі күнге дейін халық игілігі үшін атқарылған істер де аз емес. Десек те, әлі шешімін таппаған күрделі де өзекті мәселелер баршылық. Солардың бірі – халықтың пікірін білу үшін референдум өткізіп, салынайын деп жатқан атом электр станциясының құрылысы. Осы мәселе күн тәртібіне енгелі қоғам екіге бөлініп, бір шешімге келе алмай жатқаны рас.

Болат КАМАЛ,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Математика, физика
және информатика
факультетінің оқытушысы



де осы дамыған мемлекеттердің көшінен қалмауға барынша тырысып-ақ жатыр. Кез келген елдің экономикасының дамуы – электр қуатына тікелей байланысты.

Мәселен, үлкен немесе кішігірім өнеркәсіпті былай қойғанда, салынып жатқан тұрғын үйлер мен сол үйлерде күнделікті тұрмыста пайдаланатын, электр қуатын қажет ететін құрал-жабдықтар мен тұрмыстық заттар күннен күнге көбеюде. Соның салдарынан соңғы уақыттарда электр қуатының жетіспеушілігі орын алуда. Осыған орай елімізде қуатты, заманауи электр станциясын салу қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр. Осы тұста «Бізге АЭС керек пе жоқ па, оның пайдасы көп пе, зияны көп пе?» деген сауал бүгінгі күні әр қазақстандықтың көкейінде тұр.

Бұл әңгіме қозғалғанда, бірден Чернобыль қаласындағы АЭС-та болған апат, оның адамдар мен қоршаған ортаға келтірген зардабы мен еліміздегі Семей ядролық полигонынан болған зардап көз алдымызға келеді. «Сүтке аузы күйген суды үрлеп ішеді» дегендей, «атом» сөзі қолданылатын нәрсеге үрке қарап, шошитынымыз жасырын емес. Мұндай зардаптардың бетін

ендігі жерде адам басынан аулақ қылсын!

Дегенмен де, жоғарыдағы тізімде көрсетілген, жерінің көлемі біздің бір облысымыздай-ақ, тіпті одан да кіші мемлекеттерде бірнеше атом реакторларының қаншама жылдар бойы ешбір ақаусыз жұмыс істеп тұрғанына да бір сәт назар аударайықшы. Және де бір емес, екі атом бомбасынан тікелей жапа шеккен жапон мемлекетінің өзі, ешнәрседен қорықпай-ақ, референдум өткізбей-ақ 34 реактордың пайдасын көріп отыр емес пе?! Біреулеріңіз айтуыңыз мүмкін: «Сен де айтады екенсің, Жапония қайда, біз қайда? Салса, дамыған мемлекет есебінде олар озық технологияларды пайдаланып салады» деп.

Толығымен келісемін, өйткені АЭС құрылысын қолдайтын азаматтардың да көңілінде жүрген тағы бір түйткүлдің бірі осы мәселе деп айтуға болады. Яғни елімізде АЭС салына қалған жағдайда заманауи жетілдірілген, соңғы үлгідегі технологиямен салына ма, әлде ескірген, қазіргі заман талабына сай емес, арзан бағадағы технология келе ме? Тағы бір мәселе, «Астанадағы ЛРТ құрылысына қаншама қаражат шығын қылып, қанша жыл өтсе де бітіре алмай жатып, АЭС салу біздің не теңіміз?» деген де ой көпшілікті мазалайды. Осы екі мәселеге ертең дауыс беретін халық емес, тікелей үкімет жауапты.

АЭС реакторларындағы ең маңызды мәселе, уран атомдарынан бөлініп шығатын энергияны қатаң бақылауда ұстауда. Осы жердегі айта кететін нәрсе, сол Чернобыль АЭС-ының энергоблогындағы болған апат, бөлініп жатқан энергияны аз ғана уақыт назардан тыс қалдырып, дер кезінде ауыздықтап үлгері алмағандықтан болған. Басқаша айтқанда, АЭС-ның зияны мен зардабы – ол тікелей адами факторға байланысты, бақылаудың дұрыс болмауынан, жауапкершілікті сезінбей салғырт қараудан. Олай болса, бізге ең соңғы үлгідегі заманауи АЭС салынған күнде де, біздің оны сол күйінде сақтап, өз игілігімізге пайдалана алатындай қаншалықты қауқарымыз бар? Сол саланың қанша маманы бар, олардың біліктілігі қандай дәрежеде, әлде оларды сырттан әкелеміз бе? Апат бола қалған жағдайда (эрине, ондайдың бетін аулақ қылсын) оны

өз күшімізбен залалсыздандыра аламыз ба, жоқ сырттан келетін көмекке қарап телміріп отырамыз ба? Осы сұрақтарға нақты жауап бар ма?

Жалпы, АЭС-ті қолданудағы ұтатын жеріміз, ол – отын, аз ғана мөлшердегі уран ұзақ уақыт бойы және орасан зор энергия бөліп шығарады. 1 кг ғана уран 20 тн көмірді жаққанда бөлінетін жылууды береді. Біз уран қоры жағынан алдымызға Австралияны ғана жіберіп, әлемдік уран қорының 15%-ын иемденіп, көш басында тұрған елміз. Сөйте тұра, оны тек шикізат ретінде ғана өндіріп, сатудамыз.

Ал пайдасы мен зиянына келсек, пайдасы да, өндіретін электр қуаты да мол. Зияны негізінен, жоғарыда айтылғандай, тек адами факторға байланысты (Фукусимадағы жер сілкінісінен болған жағдайдан басқа). Егер де АЭС айналасының барлығын тек қана радиациямен ластайды дейтін болсақ, жоғарыда келтірілген 369 реактор, мұзжарғыш кемелер мен сүңгуір қайықтардағы реакторлардың әсерінен осы уақытқа дейін бүкіл Жер шары уланып бітетін еді. Бірінші кезекте Кеңес үкіметі кезінде салынған өзіміздің Ақтау қаласындағы атомдық су тұщыландырғыштан қала мен қала маңайының бәрі құрып бітетін еді. Осы жерде «Неге жасыл энергетиканы дамытпаймыз?» деген де сұрақ туындайды. Өкінішке қарай, «Жасыл энергетиканың» негізгі министрары, тоқтаусыз күндіз-түні энергия өндіре алмайды және қуаты жағынан да әлдеқайда аз.



ҚАМҚОРЛЫҚ

АЛМАТЫЛЫҚ АЗАМАТТЫҢ АРМАНДАҒАН АУЛАСЫ

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында қала тұрғындарының экологиялық мәдениетін және қоршаған ортаға ұқыпты қарауын қалыптастыруға бағытталған «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны жалғасуда.

Қала мен табиғатқа деген сүйіспеншіліктің үлгісі

суарады. Осы жасыл желектің ішінде ол импровизацияланған материалдардан жасайтын қондырғылар, мозаика, қуыршақ үйлері бар. Шыны бөтелкелерден жасалған мозаика тым әсерлі. 18 мыңнан астам шыны элементтер ауланы безендіретін өнер туындыларына айналды, оған ерекше жылтыр мен өзіндік ерекшелік берді.

Владимир Павловичтің ертегі саябағы тақырыптық аймақтарға бөлінген – дәстүрліден фантастикаға дейін.

Сонымен қатар, аулада нағыз лотостары бар екі шағын тоған, сондай-ақ күн сәулесімен жарықтандырылған пирамида бар. Бұл элементтер жай ғана безендіру емес, назар орталығы және тұрақтылықтың символына айналды. Пирамиданың артқы жарығы кешке жанып, аула жұмсақ жарықпен толтырылады.

Мұндай инновациялық шешімдер алматылықтардың сұлулық туралы ғана емес, болашақ туралы, табиғи ресурстарды сақтау және қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру туралы не ойлайтынын көрсетеді.

Владимир Павлович мұнда 1988 жылдан бері тұрады және көптеген жылдар бойы ауланың тазалығы үшін күресіп келеді. Ол үнемі көршілерімен әңгімелесіп, тәртіп пен қоршаған ортаны құрметтеудің маңыздылығын түсіндірді. Оның еңбегінің арқасында аумақ тек ауланың ғана емес, бүкіл ауданның көркіне айналды.

«Владимир Стариковтың істегені-қарапайым адамдардың бастамалары біздің аулаларымыздың және жалпы қаланың келбетін қалай өзгерте алатынының жарқын мысалы. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында биыл экологиялық іс-шаралар өткізілуде, біз өзіміздің айналамызға жеке жауапкершілік пен қамқорлық жасау баршамамызды қаланы жақсырақ әрі таза етуге шабыттандыратынын көріп отырмыз», – деп атап өтті Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева және туған қаланың дамуына қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

Демеушілердің қолдауымен Владимир Стариковқа ақшалай сертификаттар табыс-талды. Осы қаражатқа алматылық ауланы

одан әрі жақсарту үшін қажет нәрсенің бәрін сатып ала алады.

Стариковтың өзі жұмысына мұндай көңіл бөледі күтпегенін айтады.

«Мен тек балаларымыз және көршілеріміз үшін ауланы жайлы және әдемі жасаймын. Жұмысымың байқалғанына өте қуаныштымын. Мен алған бұл қаражат ауланы одан әрі абаттандыруға жұмсалады. Ауламызды жақсарту және барлық тұрғындарды қуанту үшін бояулар, жаңа өсімдіктер мен материалдарды сатып ала аламын. Осындай қолдау үшін көп рахмет, бұл біз үшін өте маңызды», – деді ол.

Бұл керемет мысал өз қаласына деген сүйіспеншілік пен адалдық нағыз ғажайыптар жасай алатынын көрсетеді. Владимир Павлович абаттандыруға үлкен үлес қосып қана қоймай, табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарау идеясын бейнелейтін іс атқарып, барлық қала тұрғындары үшін шабыт көзіне айналды.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

БАРЛЫҒЫ ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

Алматы ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 30 аула жөнделді, оның ішінде бүгінгі таңда 29 мекенжай бойынша жұмыстар аяқталды.

Тұрғындардың ХҚБ бағдарламасына қатысуының арқасында әр аула өзінің жеке келбетімен әдемі, жайлы болады. Мысалы, Мақатаев көшесіндегі №192 үйдің ауласында жарқын және функционалды ойын аймағы пайда болды. Көше тренажерлері, ыңғайлы орындықтар және әдемі пергола орнатылды.

Мұқанов көшесі, 245 мекенжайындағы тұрғындар ХҚБ бағдарламасына қатысуға ерекше қуанышты. Олардың ауласында толыққанды және заманауи ойын алаңы, тренажерлері бар аймақ пайда болды, қарағайлар мен бұталар отырғызылды, жаңа орындықтар қойылды, жарықтандыру жөнделді.

«Біз бағдарламаға қатысуға шешім қабылдадық және ауламызды толығымен жөнделді. Бұл өте ыңғайлы болды: олар балалар әткеншегін, тренажерлерді, заманауи орындықтарды қойды. Біздің тілектеріміз ескерілді. Біздің ауланы өзгертті. Ең бастысы, біз сұраған нәрсені жасады.

Алматы аулаларында жайлы демалыс аймақтары жасалды



Біз ойын алаңын автотұрақтан қорғағымыз келді. Жасыл аймақ түрінде қоршау жасалды, бұталар, жасыл желектер отырғызылды.

Біз ризамыз. Аулаға қарама-қарсы ескі гараждар да бар. Жоба аясында гараждардың қабырғалары жарқын суреттермен

өзгереді. Біздің аула 40 жыл ішінде алғаш рет барлық жағынан абаттандырылды», – деп атап өтті «Тұлпар» ПКСК төрағасы Дамель Қойшина.

Үлкен жобалардың бірі Қабанбай батыр көшесіндегі №139 үйдің ауласында жүзеге асырылды. Оның дамуына сәулетші қатысты. Сондықтан мұнда тұрғындардың барлық тілектері ескеріліп, кеңістікті тиімді жабдықтады. Қазір футбол алаңы, ойын алаңдары және демалыс аймақтары бар.

Тұрғындардың өздері безендіретін гүлзарлар да жетерлік. Амангелді көшесі, 17 мекенжайындағы аула танымастай өзгерді. Бұрын қараусыз қалған аймақ, ал қазір жайлы аула болған. Жоба авторлары шағын аумаққа қарамастан, барлық қажетті заттарды орналастыра алды. Тіпті, кішкентай пергола бар. Әдемі беседка, жаттығу жабдықтары бар аймақ.

Әр ауланы қайта құруға жеке көзқарас бар. Басымдық – тұрғындардың тілектері. Барлығы қала тұрғындарының бос уақыттарын жайлы жағдайда өткізуі үшін жасалуда.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша биыл Алматы ауданында барлығы 52 жоба жүзеге асырылуда. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша биыл осы бағдарламаны қаржыландыру 2 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТҰСАУКЕСЕР

«Достық үйінде» ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Ұлы дала қайраткері» төсбелгісінің иегері, белгілі балалар ақыны Жақсыгүл Қалжанованың «Ой сана әліппесі. Шуақты шумақтар» атты жаңа кітабының тұсауы кесілді. Кішкентай оқырмандарға жол тартқан жаңа жинақтың тұсаукесеріне Алматыдағы Түркия Республикасының Бас консулы Эврен Муддерисоглу қатысып, жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықты сіңіру үшін кітап оқудың маңызы зор екенін баса айтты.



ІЗГІЛІККЕ ТОЛЫ

«Ой сана
әліппесі.
Шуақты
шумақтар»Рая
ЕСКЕНДІР

Тұсаукесер салтанатында сөз алған белгілі жазушы, қоғам қайраткері Марат Тоқашбаев балалар ақынының жүріп өткен өмір жолына тоқталды. Ұрпақ тәрбиесі үшін саналы өмірін арнаған жанның ең

бегіне ерекше баға берді. Бала жанының бағбаны, баланың ойыны арқылы оның ойын біле қоятын Жақсыгүл Шәріпханқызы ұзақ жылдар бойы Алматыдағы балабақшада тәрбиеші болып қызмет еткен. Әрине, ол кезде ана тіліндегі балабақшаның санаулы екені белгілі. Соған қарамастан, тәрбиеші әрбір күнін текке өткізбей, балдырғандардың бал қылығын өз өлеңіне

арқау етуге арнаған екен. Осылайша отыз жылға тарта уақыт балаларға арнап өлең-жыр жазған ақынның 30 жинағы жарық көріпті. Оның әрқайсысы да ақынның перзенті сияқты, бірінен-бірі бөле алмайды. Жанына жакын, жүрегіне ыстық.

– Осынау жылдар ішінде жас ұрпаққа тәрбие бере жүріп, сәбилердің әрбір қадамына қуанып, оны өлең тілінде жеткізуге тырыстым. Әрине, балабақша қала балаларының әжесі іспетті. Сондықтан ата-анасы күні бойы жұмыста жүретін балақайлар ана тілінен нәр алса екен деп, олардың тілін сындыруға тырыстым. Балабақшада

өтетін ертеңгіліктерді де өзім өлеңмен жеткізіп жүрдім. Мұның барлығы балдырғандар ұлттық рухта өсіп, рухын, тарихы мен дәстүрін біліп өссе деген ниеттен туды, – дейді Жақсыгүл Қалжанова.

«Ой сана әліппесі. Шуақты шумақтар» жинағы аты айтып тұрғандай, ізгілікке толы. Өзіндік ой-орамы бар, тілі жеңіл. Жинаққа ақынның балабақша бүлдіршіндері мен мектеп оқушыларына арнаған өлең, тақпағы, жаңылтпаш-жұмбақтары, санамақ пен әндері енген.

Тұсаукесерге танымал қаламгерлер Мағира Қожахметова, Шолпан Ұғыбаева және әнші Бибіаждар Керімбекова қатысты.

СЕМИНАР



Суреттерді түсірген Самат СЕРКЕБАЙҰЛЫ.

Алматыда Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты және Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы жанындағы Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICA) ұйымдастырған «Алтын Орда және оның мұрагерлерінің арабжазулы эпиграфикасы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми семинар өтті.

Досбол
АТАЖАН

Іс-шара кезінде институт қызметкерлері жарыққа шығарған «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері және «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Рисала-ий

жанайиз (Жаназа кітабы)» кітаптарының тұсаукесері болды.

– Ақтөбеде «Абат-Байтақ» қорымы бар. Ол жердегі араб

графикасымен жазылған 343 құлыптастың мәтіні 3 тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланып отыр. Бұл – айтулы ғылыми оқиға. Себебі, Ислам өркениетінің ішінде қазақ ескерткіштерінің орны ерекше. «Абат-Байтақ» қорымы Алтын Орданың үлкен қаласы болған Ортақ шаһарының қасында орналасқан. Өзінде 400 жылдық тарихты қамтып отыр. Тарихқа ең сенімді дерек бұл эпиграфикалық жәдігерлер. Себебі, тасқа жазылған нәрсені қайта өзгерте алмайсың, – деді Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығының Орта Азия бойынша директоры Әшірбек Муминов.

сы» деп қойылғанын түсіндіріп өтті.

– Алтын Ордада болған дәстүрлерді осы құлыптастар сақтап қалған. Құлыптастың өзін қою, араб жазуындағы каллиграфия, оны қашау өнері – Алтын Орда дәуірінен жеткен дәстүр. Екіншіден, Алтын Орда мұрагерлері деуіміз, Еділ-Орал, Дағыстан, Хорезм өңірлеріндегі осындай құлыптастармен салыстыруды мақсат етіп отырмыз, – деді ол.

Халықаралық семинарға қатысқан Түркияның Қыршехир Ахи Евран университетінің профессоры Осман Кабадайының айтуынша, құлыптастар – бір елдің төлқұжаты.

– Кітапқа мәтіні енген құлыптастар – XVIII-XIX ғасырдың ескерткіштері. XVI-XVII ғасырдан қалған құлыптастар әлі табылған жоқ, бірақ олар болуы керек. Құлыптастарды зерттеу Қазақстанда енді жанданып келеді. 1979 жылы алғаш рет «Қазақ эпиграфикасы» деген кітап шыққан. Бірақ онда көне түркілерден қалған руникалық әріптермен жазылған эпиграфтар зерттелген. Араб әріптерімен енді зерттеліп жатыр. Құлыптастар деген – бұл бір мемлекеттің, бір халықтың төлқұжаты. Сондықтан оны зерттеу маңызды, – деді шетелдік мейман.

Ең сенімді деректер –
эпиграфикалық жәдігерлер

ЖИЫН



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мәлік ОТАРБАЕВ,
ҚР Президентінің кеңесшісі:

САЯСИ РЕФОРМА кадрлық ауыс-түйіспен өлшенбейді

Алматыда «Alatau» оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, қалалық Білім басқармасының және оқу орындарының өкілдері қатысты.

А

Досбол
АТАЖАН

— Біз жаңа саяси кезеңнен өтіп жатырмыз. Сонау ғасырлар бұрын іргетасы қаланған мемлекетімізді сақтап қалудың, елімізді ары қарай дамытудың, 1991 жылы қол жеткізген Тәуелсіздіктің тұғырын биіктетудің бір ғана жолы бар — ол әділдік орнату. Бүгін Президенттің басты мақсаты осы. Кейбір кісілер «қайда сендердің саяси реформаларың, отырған сол министр, сол баяғы директор, сол ұстаз» деп айтады. Бірақ саяси реформа — кадрлық ауыс-түйіспен өлшенбейді, саяси реформа — саяси мәдениетті қалыптастырумен өлшенеді. Біздер 5 жыл бойы саяси мәдениетті қалыптастырып келе жатырмыз, — деді Мәлік Отарбаев.

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі ұстаздар жұмысының қоғам үшін маңыздылығына ерекше тоқталды.

— Ахмет Байтұрсынұлы шәкірттеріне «ұстаз болындар» деп бата берген. Өйткені, ұстаз деген мәртебе — бұл тек қана білім беріп, сонымен ғана шектелетін мамандық емес. Біздер ұстаздық деген қасиетті мемлекеттің, ұлттың тұтас руханиятын, рухани құндылықтарын ұрпаққа жеткізетін тұлғалық қасиет ретінде қабылдаймыз. Сол себепті, Президентіміз «ұстаздар — ұлттың зияткерлік қуаты» деді. Яғни ұстаздарымыздың бәрі зиялы дегеніміз. Зиялылық осы ұстаздықтан басталады деген сөз, — деп атап өтті ол.

Сондай-ақ, Мәлік Отарбаев өз сөзінде кітап пен газет оқудың маңызды екенін айтты. Оның айтуынша, ел басқаратын, қоғам идеологиясын қалыптастыратын адамдарға басылымдардан алыстауға болмайды.

— Дамыған мемлекеттердің барлығында газет пен кітап оқылады. Ал біз ғаламтор мен әлеуметтік желілерді ақпараттың қайнар көзі деп есептеп, соған ғана жүгінетін жайымыз бар. Бірақ мен үшін бір үлкен сұрақ тұр.

Мемлекеттің барлық органдары тарапынан айтылатын, жазылатын, көтерілетін мәселелерге қатысты сарапшылардың сараптамалық материалдары берілетін газеттерді оқымайтын қызметкерлер қалай мемлекет пен ұрпаққа қызмет етеді? Газет оқымаған адам саяси идеологияны қалай жүргізеді?

Біз бүгін газет оқимыз. Себебі, ақпараттық тұрғыдан бізге тексерілген, сауатты жазылған сапалы ақпарат қажет. Президентіміз таңертең жұмысқа келген кезде міндетті түрде газеттің бетін ашудан бастайды. Мысалы, жуырда ғана тіл туралы жазылған кішкентай мақалада ғалымның берген ұсыныстарының астын сызып, «жұмыс үшін осы айтылған ұсыныстарды пайдалансаңыз» деп жазып жіберді, — деді ҚР Президентінің кеңесшісі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ОРНЫҚТЫ ДАМУҮШІН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ БІРІГҮІ ТИІС

Алматы сарапшылары Президент Жолдауын талқылады

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылға арналған Жолдауының негізгі аспектілері талқыланды, онда сарапшылар азаматтық қоғамды біріктіруді және үкіметтік емес ұйымдардың ел дамуындағы белсенді рөлін атап өтті.

А

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қалалық мәслихатының депутаты Бекбол Рамазан Жолдаудың инфрақұрылымды жаңғырту және өзекті мәселелерді шешу бөлігіндегі маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, Жолдауда әлеуметтік салаға және инфрақұры-

лымдық жобаларға, оның ішінде энергетика және ТКШ салаларына баса назар аударылды.

«Президент жыл соңына дейін энергетиканы жаңғырту жөніндегі жаңа ұлттық жобаны бекіту міндетін қойды. Энергия тапшылығы — қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі, оны қысқа мерзімде шешу қажет», — деп атап өтті мәслихат депутаты.

Философия және саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері Мұхтарбек Шайкемелев Президент Жолдауында айтылған мақсаттарға жету үшін заң үстемдігін сақтаудың маңыздылығына назар аударды.

«Халықтың бірлігі мен заңдылықты сақтау — бұл Президенттің әрбір Жолдауында айтылатын екі негізгі шарт. Осыз қойылған міндеттерді іске асыру мүмкін емес», — деп атап өтті ол.

Іс-шараға Алматы Азаматтық Альянсының төрағасы Қайыржан Әбдіхалықов та қатысты. Ол азаматтық қоғам мен үкіметтік емес ұйымдардың әділ қоғам құрудағы маңызды рөлі туралы айтты.

«Соңғы жылдары азаматтық қоғам маңызды рөл атқара бастады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыра отырып, біз мемлекет пен азаматтар арасындағы байланыс қоғамдық кеңестер мен ҰЕҰ арқылы қалай нығайтынын көріп отырмыз», — деді Қ.Әбдіхалықов.

Сонымен қатар, сарапшылар Президенттің 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялауға байланысты бастамасын талқылады. Қайыржан Әбдіхалықовтың айтуынша, бұл көптеген инфрақұрылымдық жобалар үшін кадрлар даярлаудағы маңызды қадам болмақ.

«Жолдауда айтылған барлық 17

ірі жобаны адамдар өз қолдарымен жүзеге асырады. Бізге әртүрлі бағыттағы мамандар қажет: техниктер, инженерлер, жұмысшылар — бұлар елдің болашағын құратындар. Қазірдің өзінде техникалық, құрылыс және индустриялық колледждерде осы кадрларды даярлау үшін гранттар бөлінуде», — деп атап өтті ол.

Жалпы, сарапшылар Президенттің Жолдауында елді дамытуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты және айқын міндеттер бар деген қорытындыға келді. Бұл міндеттерді сәтті жүзеге асыру көбінесе азаматтық қоғамның белсенді қатысуына және халықтың барлық топтарының бірлігіне байланысты.

АССАМБЛЕЯ

Марат ӘЗІЛХАНОВ,
ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА
хатшылығының меңгерушісі:

АДАЛ ЕҢБЕК ДӘРІПТЕЛУІ ТИІС

Алматы қаласындағы Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері Мемлекет басшысының Жолдауын талқылады. Кездесуге Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары — ҚР Президентінің Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, ҚХА Төрағасының қоғамдық орынбасары — Қазақстандағы корейлер қауымдастығының төрағасы Юрий Шин, ҚХА Төрағасының қоғамдық орынбасары — «Дүнген мәдени орталығының қауымдастығы» ҚБ құрметті төрағасы Лугмар Буларов, қалалық мәслихат депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктер, ҚХА қоғамдық құрылымдары мен «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдері қатысты.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Іс-шара барысында ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды жүзеге асыру жолдары, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктердің қызметі талқыланды.

— Алдымен Ассамблея мүшелеріне жаз кезіндегі жемісті жұмыс үшін алғыс айтықым келеді. «Мектепке жол» акциясы аясында 6,5 мың баланы мектеп қажеттіліктерімен қамтамасыз еттік. Бұл мақсатта 250 млн теңгеге жуық қаражатты жинап, оны қажетті көмекке жұмсадық, — деді Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары — ҚР Президентінің Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов.

Сондай-ақ, ҚХА Төрағасының орынбасары Мемлекет басшысының Жолдауындағы маңызды мәселелерге тоқталды.

— Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында негізгі 9 бағытты көрсетті. Олардың барлығы бір ойға байланған, ол — Әділетті Қазақстанды құру. Мемлекет басшысы осы жолдан ешқайда бұрылып кетпейтінімізді тағы бір рет атап өтті. Осы тұрғыда Президенттің 2025

жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауының мәні айрықша. Ассамблея мүшелерінің 90%-ы жұмысшы мамандықтардың иелері. Яғни бұл жылды біздің жылымыз деуге болады. Сондықтан біз еңбек адамдарын алдыңғы қатарға шығаруымыз керек. Жұмысшы адамдарды халыққа паш етіп, оларды марапаттауымыз қажет. Барлық этнобірлестіктердің басшыларын сондай адамдардың еңбегін дәріптеуге шығаруға шақырамын, — деді Марат Әзілханов.

ҚХА Төрағасының қоғамдық орынбасары — «Дүнген мәдени орталығының қауымдастығы» ҚБ құрметті төрағасы Лугмар Буларов 6 қазан күні өтетін референдумда белсенділік танытуға шақырды.

— Мемлекет басшысы ел ертеңі үшін маңызды сұрақтарға әрбір қазақстандықтың қатысуына мүмкіндік беріп отыр. Ғаламдар мен сарапшылар АЭС салу қажеттілігін айтып жатқанына қарамай, Президент бұл шешімді халықтың қабылдауына қалдырып, референдум күнін белгіледі. Мемлекет болашағы үшін өте маңызды осы шешімді бірге қабылдауға шақырамын, — деді ол.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



БРИФИНГ

НЕОНАТАЛДЫҚ
СКРИНИНГАлматыда жаңа туған нәрестелердің
100%-ға жуығы тексерістен өтеді

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында жаңа туған нәрестелер үшін неонаталдық скринингтің маңыздылығына арналған брифинг өтті. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас педиатр-неонатологы Елена Плужникова тұқым қуалайтын ауруларды ерте анықтап емдеуді уақытылы бастауға және ауыр асқынулардың алдын алуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

2023 жылы мегаполисте 99,6% сәби неонаталдық скринингтен өтті. Бұл іс жүзінде жаңа туған нәрестелердің бәрі фенилкетонурия мен туа біткен гипотиреозға тексерілгенін білдіреді. Осының арқасында фенилкетонуриямен ауыратын 3 баланы және гипотиреозбен ауыратын 11 баланы анықтап, емді дер кезінде бастап кету мүмкін болды. Сонымен қатар, аудиологиялық скрининг жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Жаңа туылған нәрестелердің 97,1%-ы есту қабілетін тексеруден өтті, бұл есту қабілеті бұзылған 436 баланы анықтауға және түзетуді бастауға мүмкіндік берді.

Шала туылған нәрестелердің скринингіне ерекше назар аударылады. 32 апта немесе одан кіші жүктілік кезінде туылған барлық балалар ретинопатия скринингінен өтеді. 2023 жылы 1656 шала туылған нәрестелер тексеріліп, ретинопатияның 362 жағдайы анықталды.

«Осы аурумен ауыратын барлық бала офтальмологтарға жіберілді. Егер кейбіреулеріне көру қабілетін жедел түзету жүргізілсе, басқаларына қажеті болмады, көру қабілеті сақталды. Бұл ауруларды ерте анықтау өте маңызды», – деді дәрігер.

Сарапшы анықталған аурулары бар балаларды емдеу процесінде ата-аналардың рөлінің маңыздылығын атап өтті. Ата-аналарға сабырлы болуға, емдеудің оң нәтижесіне сенуге және дәрігерлердің ұсынысын қатаң сақтауға кеңес беріледі.

Алматыда да ерте араласу бағдарламалары жүзеге асырылуда. Осы мақсатта ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларына жан-жақты қолдау көрсететін өңірлік орталық құрылуда.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ЖҰЛЫН НЕЙРОХИРУРГТАРЫНЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

Омыртқаны қатты зақымдамай жасалған ота сәтті өтті

Алматы қаласындағы №7 қалалық клиникалық аурухана базасында алғаш рет жаңа ретракторлық жүйе – ең аз инвазивті манипуляцияларға арналған жаңа жара кеңейткішті пайдалана отырып, омыртқаның аз инвазивті хирургиясы жасалды.

Дәлірек айтсақ, «Омыртқаның бел бөлімінің патологиясы кезіндегі аз инвазивті операциялар» тақырыбындағы шеберлік сағаты аясында қазақстандық және ресейлік жұлын нейрохирургтары күрделі клиникалық жағдайлар бойынша екі ота жасады.

«Біз Қазақстанның жетекші клиникаларының бірінде әріптестерімізбен бірлесе айтарлықтай күрделі пациенттерге операция жасадық. Бұл жағдайда клиникалық тәжірибеге жаңа ерте кеңейткішпен жаңа жүйе біріктірілген, оның басқа да іргелі мүмкіндіктері бар, ол ең аз зақыммен көп көмектесуге мүмкіндік береді. Дәл осындай ерте кеңейткіш құралы алғаш рет №7 аурухана базасында біріктірілді», – деді операцияға қатысқан жұлын нейрохирургиясы саласындағы білікті маман, ресейлік профессор Вадим Бывальцев.

Операция жасалған пациенттердің бірі 35 жастағы әйел болатын, ол соңғы



уақытта омыртқасының бел бөлігінің қатты ауырсынуынан қатты қиналған, ауырсынуудың жиі қайталануынан оның толыққанды өмір сүруі мүмкін болмады. Қатты ауырсынулар оны

күндіз де, түнде де мазасын алды. Бұл пациенттің диагнозы – «омыртқаның L4 L5 дискісінің секвестрленген жарығы». Пациент консервативті емдеу жолымен ем қабылдаған, бірақ нәтиже болмаған, соңынан ол жетінші аурухананың нейрохирургтарына көмекке жүгінді.

«Біз жсараның ұзындығын шектеп, азайтып, бұлшық еттердің жұмсақ тіндерін және омыртқаның бел бөлігінің сүйек құрылымдарын аз жарақаттай отырып, аз инвазивті хирургиялық араласуды сәтті жүргіздік. Операциядан кейінгі күні-ақ науқас өзін жақсы сезінді, оны мазалаған ауырсыну белгілері толығымен кетті», – дейді Алматы қаласы №7 қалалық ауруханасының №1 нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Бахыт Аглаков.

Нейрохирург жаңа ретракторлық құралды пайдаланудың артықшылықтары қатарында тері мен жапсарлас тіндердің зақымдану көлемі, жарақаттардың азаюын, ауырсыну белгілерінің азаюын, операция жасалған пациенттің стационарда болу мерзімінің қысқаруы, пациенттің аз уақытта қозғалыс қабілетінің қалпына келуі, сондай-ақ оналтуға қажеттіліктің болмауын атап өтті.

БІЛГЕНГЕ –МАРЖАН

КҮМІС

қасықпен
ас ішкен
пайдалы ма?

Иә, күміс бактерицидтік және антисептикалық қасиетке ие. Әрі қабынуға да қарсы әрекет ете алады. Күміс сумен әрекеттескенде иондалып, оның құрамында ұзақ сақталады. Сондықтан күміс қосылған су ағзадағы көптеген зиянды микроағзаларды жояды. Күміс тек қана ауру тудыратын элементтерді жойып қоймай, ағзадан зиянды токсиндер мен микробтарды шығарады.

Күміс – адам денсаулығына өте пайдалы. Имунитетті нығайтады, жүректің қызметін жақсартады. Күміс білезік артериялық қысымды төмендетеді, асқазан-ішек жолдарын тазартады. Ал күмістен алқа тағатындар қалқанша безі ауруынан қорғалуы мүмкін. Күміс шашбаулар шаштың өсуін тездетеді.

Күмісті тері аурулары бар адам тағып жүруі керек дейді. Медицинада да қолданады, кейбір құрал-жабдықтардың құрамына күміс қосылған екен. Зергерлер де металдардың ішіндегі ең бағалысы күміс екенін айтып жүр.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

ҚУАНЫШТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Мегаполисте сол аяғында 6 башпайы бар жасөспірімге
бірегей операция жасалды

Қыз бала туа біткен ақаумен дүниеге келген екен. Бұл аномалия оған кішкентай кезінен көптеген қолайсыздық туғызған: қыз әр түрлі мөлшердегі аяқкіімді киюге мәжбүр болған, сол аяғы оң аяғынан бірнеше өлшемге үлкен.

Уақыт өте келе жағдай күрделене түскен. Желкідеп өсіп келе жатқан қыз бала қатарластарының алдында аяғы үшін қысылып, қымтырылып күн кешуге мәжбүр болған. Аяғына ыңғайлы аяқкіімді таңдау мүмкін болмай қалған. Қыздың ата-анасы ұзақ уақыт бойы бұл мәселені шешудің жолдарын іздейді, бірақ операция жасатуға тәуекел етпеген. Қазір қыз 10 жаста. Олар өздерінің таныстары мен дәрігерлерінің ұсыныстары бойынша Алматыдағы №2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасының хирургтарына жүгінді. Бірқатар кеңестер мен тексерулерден кейін аурухана мамандары аяқтың қалыпты жұмысын қалпына келтіру және қыздың өмір сүру сапасын жақсарту үшін операция қажет деген қорытындыға келді.

– Ең күрделі хирургиялық араласуды

біздің ортопед-травматологтар Санкт-Петербургтегі Пирогов атындағы жоғары медициналық технологиялар клиникасының әріптестерімен бірге жүргізді. Операцияның қиындығы – біздің алдымызда артық башпайды алып тастау ғана емес, сонымен қатар аяқтағы қажетсіз қалыптан тыс Шири беретін қосымша метатарсальды сүйек болды. Тексеру кезінде нервтер мен қан тамырларының орналасуында аномалия анықталды, бұл микроскоппен жұмыс істеуді талап етті, – дейді Алматы қаласының №2 БҚКА травматология бөлімінің меңгерушісі А.Садырбалин.

Ота сәтті өтті. Қыздың ата-анасы қуаныштан көз жасын да көрсетуден қысылған жоқ. Иә, кез келген әке-шеше үшін баласының мұңсыз, бақытты болғаны маңызды ғой. Енді бала біртіндеп қалпына келеді және



дәрігерлердің болжауынша, жақын арада аяғын жасыруға тырыспай, қысылмай, қалыпты өмірге орала алады. Бұл бірегей операция бір отбасына үміт сыйлап қана қоймай, Қазақстандағы қазіргі заманғы медицинаның тіпті ең күрделі жағдайларды да шеше алатынын, балаларға толыққанды өмір сүруге және бақытты балалық шаққа мүмкіндік беретінін көрсетті.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

САНАВИАЦИЯМЕН
ЖЕТКІЗІЛДІАлматылық дәрігерлер Қызылордадағы
жарылыстан оңбай күйген балаларды
аман алып қалды

Жуырда Алматы қаласы Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығынан Қызылордада биылғы шілденің 28-інде болған өрттен зардап шеккен екі жасөспірім үйге шығарылды. Естеріңізге сала кетейік, 31 шілде мен 1 тамызда жағдайы өте ауыр зардап шеккен төрт жасөспірім санитарлық авиациямен шұғыл түрде Алматыға жеткізілген болатын.

Жасөспірімдер жеке үйлердің бірінде болған табиғи газ жарылысынан қатты күйік алған. Алғашқы кезеңде зардап шеккендер Қызылорда қаласының облыстық балалар ауруханасының реанимация және қарқынды терапия бөліміне жатқызылған. Олардың өмірі аса ауыр жағдайда болған соң Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы және БЖМҚО директоры А.М.Смағұловпен келісе отырып, олар Санитарлық авиациямен Алматының «Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығына» жеткізілді.

Міне, 42 күн дегенде екі науқас, 14 жастағы ұл мен қыз ауруханадан үйге шығарылды. Қазір олардың емделуі толығымен аяқталып, жағдайы жақсарып, олар үйіне Қызылордаға аттанады.

«Орталықтың реаниматологтары екі апта бойы жансақтау бөлімі жағдайында ұл баланың өмірі үшін күресті, оның жағдайын тұрақтандыру үшін тәулік бойы қарқынды шоққа қарсы терапия жүргізді, содан кейін науқас мамандандырылған күйік бөліміне ауыстырылды. Өрт кезінде жасөспірім 79%/ІІІАБ-ІV дәрежелі термиялық күйік алған және ІІ-ІІІ дәрежелі күйіктік шоқ шалған», – дейді Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы директорының орынбасары Дінмұхаммед Рузудинов.

Ал екінші балаға 55%ІІАББІ термиялық күйік, ІІ-ІІІ дәрежелі күйіктік шоқ диагнозы қойылды. Екі пациентке де орталықтың комбустиологтары Раджа Жұмаділдаев пен Гүлшарат Жүсіпқалиева теріні ауыстырып орналастыру (аутодермопластика) отасын жасады.

Орталықтың хабарлауынша, Қызылордада табиғи газ жарылысынан зардап шеккен тағы екі науқас ауруханада әлі де ем алып жатыр. Дәрігерлер олардың жағдайын тұрақты ауыр деп бағалап отыр. Жасөспірімдердің біріне кезеңдік аутодермопластика отасын жасау жоспарланған.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА

ТУРНИР

Алматыда «Almaty Cyber Games International – 2024» халықаралық турнирі өтті. Биылғы чемпионатта бес елдің киберспортсмендері кездесті. Жалпы, 16 миллион теңгелік жұлде қорын жеңіп алу үшін 26 команда сайыс көрігін қыздырды. Турнир барысында бес мыңнан астам қатысушы ең танымал киберспорт пәндері – Counter-Strike 2, Dota 2, ФК24 және PUBG MOBILE бойынша жарысқа түсті.

БАРЛЫҚ САЛАҒА АШЫЛҒАН ЖОЛ

Сонымен, бұл турнирдің тиімділігі неде? Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жас таланттар үшін халықаралық аренада өзін танытудың және әлемнің үздік киберспорт командалары деңгейінде танылудың бірегей мүмкіндігі.

– Бұл турнирге Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Әзербайжан қатысты. Биыл біз PUBG MOBILE жаңа пәнін қосып отырмыз. Яғни жыл сайын біздің іс-шаралардың ауқымы артып келеді. Бұл ретте еліміздің базасында киберспорттың ойын индустриясын инфрақұрылымдық дамыту үшін дұрыс тәсілді қолданамыз деп ойлаймын, – дейді Цифрландыру басқармасының өкілі Ерасыл Жеңісов. Жалпы, Almaty Cyber Games жобасы киберспорт экосистемін құру арқылы Алматының туристік, білім беру, сандық, инвестициялық, сауда, кәсіпкерлік, медиа демалыс және спорттық әлеуетін толық ашуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, аталмыш жоба Алматыны Орталық Азия бойынша киберспорт хабына айналдырып қана қоймай, қаламыздың заманауи индустрияларының барлық салаларындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге де жол ашады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТ

АЛМАТЫЛЫҚ СТУДЕНТТЕР

әлемдік аренада жоғары көрсеткішке қол жеткізді



Тарихта тұңғыш рет ұлттық құрама Француз қаласы Лионда өткен 47-ші WorldSkills халықаралық чемпионатында 7 медальон жеңіп алып, жетістікке жетті. Біздің еліміздің намысын 30 құзыреттілік бойынша 32 қатысушы және 30 халықаралық сарапшы қорғады.

Соның ішінде Алматы құрылыс-техникалық колледжінің студенті Михаил Попов «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша үздік деп танылса, Алматы қаласы «Әділет» колледжінің сту-

денті Жанель Сағындық «Қонақүй ресепшионисті» құзыреттілігі бойынша топ жарды.

Сонымен қатар, бұл бәсекеде еліміздің басқа да өңірлерінен барған өрендеріміз «Ұлттағы үздік» номинациясы бойынша үздік атанды:

Қазақстандық техникалық және кәсіптік білім беру студенттерін әлемдік аренадағы жоғары көрсеткіштерімен құттықтаймыз!

WorldSkills Lyon – 2024 халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатына 69 елден 1500-ге жуық колледж студенттері қатысты.

Анықтама: WorldSkills International 25 жасқа дейінгі жас мамандардың кәсіби

дағдыларын анықтауға және дамытуға бағытталған ірі халықаралық жарыс болып табылады. Чемпионат халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және цифрлық трансформация жағдайында жұмысшы мамандықтары мен заманауи техникалық білімнің маңыздылығын арттыруға бағытталған, оған әлемнің түкпір-түкпірінен қатысушылар жиналады. Мақсаты – бүкіл әлем бойынша техникалық мамандықтар бойынша кәсіби даярлықтың мәртебесі мен стандарттарын насихаттау. Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылы Қазақстан құрамасы Гданьск қаласында өткен EuroSkills чемпионатында алғаш рет 2 медаль және 4 медальон жеңіп алды.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

ГАДЖЕТТЕРГЕ ҚҰМАРЛЫҚ ҚАУІПТІ

Жас өрендерді түрлі қатерден, интернет алаяқтардан қорғау бәрінен маңызды

Алматыда балалардың онлайн қауіпсіздігі бойынша баспасөз конференциясы өтті. Конференцияда қоғамдағы онлайн қауіпсіздік туралы талқылау болды.

Аталған баспасөз конференциясына мұрындық болушы – «Касперский зертханасы». Жиынға IT саласының білікті мамандары, ата-ана мен балалар, БАҚ өкілдері және т.б. қатысты. Әр саланың білгірлері өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, елдегі киберқауіпсіздік бойынша пікір алмасты.

Қазіргі таңда статистика бойынша балалардың 88%-ы жеке гаджетке ие. Көптеген балалар өзінің бос уақытының біраз бөлігін, яғни 28%-ын смартфонға телміріп өткізетін көрінеді. Ал ата-аналардың 62%-ы өз балаларының телефонындағы ақпаратқа қадағалау жасай бермейді екен.

Бүгінде әр санаттағы балалардың гаджет-смартфонға құмарлық санаты анықталды. Жуықтап алғанда 3 жасқа дейінгілер – 8%, 4–6 жасқа дейінгілер – 21%, 7–11 жас аралығындағылар – 51%, 12–15 жастағылар – 14%-ы алғашқы рет телефон сатып алып, қолдануға кірісетінге ұқсайды.

«Касперский зертханасының» Қазақстан, Орталық Азия және Моңғолиядағы басқарушы директоры Валерий Зубанов желідегі балаларды қорғау жобаларының халықаралық тәжірибесімен бөлісті: «Қазір барлығымыздың дерлік қолымызда смартфон-гаджеттер бар. Бәріміз ғаламторға кіре аламыз. Сондай-ақ, қажетті ақпа-



ратты алып, қолдануға мүмкіндік мол. Алайда, интернет қауіпсіздікті ұмытпауымыз керек. Әсіресе, балаларды интернет алаяқтарынан қорғау қажет болып тұр», – деді ол.

Ол әлеуетідегі балалардың қателіктері отбасылық бюджетке қандай зиян келтіруі мүмкін, бала жәбірленуші ғана емес, сонымен қатар кибербуллингке қатысушы бола ала ма тақырыптарында, қазақстандық балалардың интернетте қалай уақыт өткізетіні және оларға цифрлық сауаттылық ережелерін үйретудің маңыздылығы бағдарларында өз ойларын ортаға салды.

«Әр бала – біздің болашағымыз. Жас өрендерді түрлі қауіп-қатерден қорғау бәрі-

нен маңызды. Сондықтан ата-ана өз баласына бақылау жасап отырғаны дұрыс. Өйткені, бала білмей, интернеттегі түрлі сайттарды түсінбей, кіріп кетуі ықтимал. Ал мұның арты олқылықтарға алып соқтыруы әбден мүмкін. Сол себепті, дер кезінде балаға көңіл бөліп, ол қандай желіге, нендей сайтқа, қандайда бір ойын платформасына кіріп отырғанын қадағалаған жөн. Сонда өсіп келе жатқан бала келешекте өзіне қажеттіні ұғып, онлайн қауіп-қатерді ажырата біледі», – деді «Касперский зертханасы» балалар онлайн қауіпсіздігі бағытының жетекшісі Андрей Сиденко.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚАУІПСІЗДІК

Жаңа оқу жылы басталысымен, қала көшелері көлікке толып кеткендей. Жасыратыны жоқ, ата-аналардың дені балаларын мектепке көлікпен тасымалдайды. Сабақтан соң оқушылар үйге өздері қайтады. Жалпы, жыл басынан бері балалардың қатысуымен 623 жол-көлік оқиғасы орын алып, бір бала қаза тапса, 664 адам жарақат алып отыр.

«БАЛАҚАЙ, ЖОЛДАН БАЙҚАП ӨТ!»

– Бұл статистика бізді қатты алаңдатады. Сондықтан ата-аналар балаларыңызды қорғаңыздар, оларды жолды дұрыс кесіп өтуге үйретіңіз, скутерлер мен мопедтердің руліне отыруға жол бермеңіз, мінез-құлықтың дұрыс үлгісін көрсетіңіз, – деген еді Алматы қаласы Әкімшілік полиция басқармасының бастығы, подполковник Асхат Құлбаев.

Алматы полициясының арнайы тобы «Балалардың жол қауіпсіздігі» бағдарламасына сәйкес мектептердің жанында орналасқан учаскелердің жарактандырылуына байланысты тағы да тексеру жүргізді.

Жол қозғалысын үйлестіретін және оқушыларға жолдың дұрыс өтуіне көмектесетін патрульдік нарядтар жұмысқа кірісіп, бірінші сынып оқушылары үшін «Балақай, жолдан байқап өт!» дәстүрлі полицияның оқыту сабақтары өткізілді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының есебінде бұрнағы жылы 1,05 миллиард тонна тамақ қалдығы тасталғаны мәлім етілген. Ал әлемде 783 миллион адам аштыққа ұшырап отыр. Ресми мәліметке сүйенсек, тасталған тамақ қалдықтары әлемдік экономикаға орасан зиянын тигізіп, климаттың өзгеруіне, табиғи ортаның жойылуы мен ластануына әсер етуде.

Айнабай
МӘДИЖАЛҒАСЫН
ТАППАҒАН ЖОБА

Талай жұтты бастан кешкен жұртымыздың тәубеге келтірер «нанды жерге тастама, обал болады», «нанды баспа», «нанды төңкерме», «нанды бір қолмен үзбе» деген талай ұлық сөзінің бәрі осы бір «ас атасының» қадір-қасиетін ұғындыра түседі. Алайда, сол «обал боладының» мәнін жете түсініп жүрмегендейміз. Әлбетте, қалалық ортада тамақ қалдығын кәдеге жарату мәселесі өте өзекті. Нан қалдығының қоқыста жатқанын жиі байқаймыз. Ауылдық жерде нан қалдығын малға, үй құстарына беруге болса, қалада мұны жарату қиынырақ. Айтармыз, нан қалдықтарына арналған контейнерлер алғаш рет Әуезов ауданында 2021 жылдың көктемінде орнатылды. Бұл қала үшін маңызды әлеуметтік жоба болды.

Нан қалдықтарын ауыл шаруашылығында азық ретінде пайдалануға болады. Нан қалдықтары кеңулі заттарға толы қорек. 100 г ақ нанның құрамында шамамен, 250 килокалория бар. Демек, фермерлер арасында мұндай шикізатты сатып алушы іздемей-ақ табылады. Мәселен, қазіргі кезде бидай, арпа, сұлының 1 келіге бағасы орта есеппен 100–150 теңге. Бұл жоба жеке кәсіпкердің бастамасымен, аудандық әкімдіктің қолдауымен іске асырылды. Нан қалдықтары арнайы контейнерлерге жиналып,

НАН ҚАЛДЫҒЫ...

Ас атасының
қадір-қасиетін
ұғына алып
жүрміз бе?

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

кейін арнайы цехта түйіршіктеліп, малға қосымша қорек ретінде сатылды. Бірақ небәрі 1,5 жылға жетпей жоба тоқтап қалды. Орнатылған контейнерлер кенеттен жоғалып кетті, ал қалғаны мақсатсыз пайдаланылды.

Жоба жайын анықтау мақсатында «Алматыбасжоспар» ҒЗИ Q-lab әлеуметтік жобалау бөлімі Әуезов ауданы әкімдігіне ресми сұрау салды. Аталған аудандық әкімдігінің мәліметінше, әлеуметтік жобаны жүргізген «LOCAL» ЖШС ауыр қаржылық жағдайы мен мамандандырылған техникасының тозуына байланысты өз қызметін тоқтатыпты. «Компания жұмысын жалғастырса, контейнерлер қосымша орнатылатын болады», – деп жазды әкімдік өкілдері.

МӘДЕНИЕТ ПЕН ДАМУ
БЕЛГІСІ

Нан қалдықтарын жинау басқа өңірлерде іске асыпты. Нанға арналған арнайы контейнерлер Атырау қаласында 2022 жылы орнатылыпты. Алайда, өңірде көптеген шаруа қожалығына пайда әкелетін идея ұрлық салдарынан іске аспай қалған. Оның үстіне, қалалықтар нанға арналған контейнерлерге өзге де тұрмыстық қалдықтарды тастаған. Барлығын сұрыптау уақыт пен ресурсты қажет етті. Былтыр Ақтө-

беде де осындай жоба қолға алынған, нәтижесі әзірге белгісіз.

Сарапшылардың пікірінше, өңір-өңірде полигондардың астында қалмау үшін қоқысты жинау ретке келтіріп, айыппұл енгізу керек. Мәселен, ауқымы мен тұрғыны көп Алматыда қоқысты сұрыптайтын, өңдейтін зауыт әлі жоқ. Сәулетші әрі өнеркәсіптік дизайнер Айдар Ерғалидың айтуынша, қоқысты қайта өңдеу, тұрмыстық және өндірістік ағынды суды тазарту, энергия тиімділігі, суды үнемдеу – осы заманғы, өркениетті қаланың мәдениеті мен дамуының белгісі.

«Меніңше, тұрмыстық қалдықтың ішінде өзектісі – органикалық бөлігі. Халықты қоқысты сұрыптауға, жинауға үйрету керек. Бұл бағытта тәртіп орнауы үшін қатаң шара қолданбаса тағы болмайды. Мәселен, талапты қатаңдатып, айыппұл салынған соң көлікте қауіпсіздік белдеуін тағып жүруді үйрендік емес пе. Сол секілді, органикалық қалдықты дұрыс жинап, оны биоөндеуге (өңдеудің түр-түрі бар әрі табысты бизнес) жіберген соң ғана сұрыптаудан бастап қайталама қолдануға дейін қалған технологиялық тізбек іске қосылады. Содан кейін ғана ең соңында түкке жарамайтын қалдықтар гидролизді пештерге өртеуге жіберіледі», – дейді А.Ерғали.

ӨЗГЕЛЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Q-lab әлеуметтік жобалау бөлімі органикалық қалдықты жинаудағы басқа елдердегі ахуалға шолу жасады. Көптеген ел органикалық қалдықты кәдеге жаратуға, соның ішінде нанды қайта өңдеуге тырысады. Мәселен, Ұлыбританиядағы Toast Ale сыра қайнату компаниясы ашытқы жасау үшін ескі нанды пайдаланады. Тағы бір компания FeedBack қайырымдылық ұйымы тамақ қалдықтарын азайтумен айналысады. Бұл компаниялар ескірген нанды жинау үшін наубайхана және супермаркеттермен серіктестік орнатқан. Бұл жоба тамақ қалдықтарын азайтып қана қоймай, сонымен қатар тағамды шамадан тыс тұтыну мен кәдеге жарату мәселесіне назар аударады.

Францияда «нан» операциясы» жұмыс істейді. Бастама дүкен мен наубайханалардан нан қалдығын жинауға бағытталған. Жиналған нан мал азығына өңделеді немесе биогаз жасау үшін қолданылады. Бұл шара тамақ қалдықтарын жоюдың тұрақты әдісі және полигондардағы қоқыс көлемін азайтуға көмектеседі. Италиядағы Pane Quotidiano қайырымдылық ұйымы супермаркет пен наубайханалардан артық нан, басқа да азық-түлік өнімін жинап, оларды аз қамтылған отбасылар мен үйсіздерге тарата-

САНИТАРИЯ

ҚОҚЫС ТАСТАҒАНДАРҒА
АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ

Алматыда үлкен көлемдегі қалдықтардың, оның ішінде ескі жиһаздар, сынған тұрмыстық техника мен құрылыс қалдықтары, сондай-ақ, қаптамалар, пластикалық бөтелкелер және басқа да көше қалдықтарының жиналуымен байланысты мәселе өсіп келеді.

Бұзушылықтар тек контейнерлік алаңдарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық орындарға да әсер етіп, қаланың санитарлық жағдайына кері әсерін тигізеді.

2024 жылдың 16 қыркүйегінен бастап Алматыда абаттандыру саласындағы бұзушылықтармен күресу шаралары күшейтіледі.

Көлемді қоқыс пен көше қоқыстарын рұқсат етілмеген орындарға қалдырғаны үшін айыппұл салына-тын болады.

Экология және қоршаған ортаны қорғау Басқармасы қалалық Полиция департаментімен бірлесіп, тәртіп бұзушыларды анықтауға бағытталған бірлескен рейдтер жүргізеді.

Бейнебақылау камералары қалдықтарды заңсыз төгу жиі орын алатын жерлерде орнатылады. Сонымен қатар, тәртіп сақшылары, стихиялық орындарда рұқсатсыз сыртқы жарнама нысаны орналастыру жағдайларына баса назар аудартып болады.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айының басынан бері жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша Алматы қаласының көшелеріндегі коммуналдық инфрақұрылымды дамыту Басқармасы тазалауға қосымша құрал-жабдықтар мен ресурстарды қажет ететін қоқыс жәшіктері толып жатқан 52 аумақты анықтады.

Санитарлық тазалаудың тиімділігін арттыру мақсатында дизайн-код бойынша жаңа кең қоқыс жәшіктерін сатып алу, сондай-ақ қосымша тазарту, патрульдік маршруттарын іске қосу жоспарлануда.

Бүгінде қалада 33 мыңға жуық қоқыс жәшіктері болса, қаланы тазалауға 1300-ге жуық адам мен 1000-нан астам техника жұмылдырылған.

Көлемді және көше қалдықтарды дұрыс сақтамау қоғамдық орындардың ластануына және қоқыс жинайтын компаниялардың жұмысының бұзылуына әкеп соғады.

Мысалы, көшедегі қоқыс тротуарлар мен жолдарды ластауы мүмкін, ал контейнерлердегі көлемді қоқыс қоқыс таситын нығыздағыштардың жұмысын қиындатады.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 505-бабына сәйкес абаттандыру ережелерін бұзу мынадай айыппұлдарға әкеп соғады:

- жеке тұлғалар үшін – 20 АЕК;
- шағын бизнес және коммерциялық емес ұйымдар – 30 АЕК;
- орта кәсіпкерлік субъектілері – 40 АЕК;
- Ірі кәсіпкерлік субъектілері – 100 АЕК.

Қаланың санитарлық жағдайы мен эстетикасын жақсарту мақсатында 2024-2025 жылдары 2 мыңнан астам жаңа контейнерлер орнату жоспарлануда.

Бұл контейнерлер қоқыс контейнерлері алып жатқан аумақты азайтады, жағымсыз иістерді бөгейді және құстар мен қаңғыбас жануарлардың кіруіне жол бермейді.

Үлкен көлемдегі қалдықтарды шығару үшін қала тұрғындарына мамандандырылған ұйымдарға хабарласу немесе қалдықтарды өздері шығару ұсынылады.

ды. Бұл ұйым жүз жылдан астам уақыт бойы мұқтаж жандарға тегін тамақ беріп келеді.

АРПА-БИДАЙ –
АС ЕКЕН

FoodCloud – супермаркет пен азық-түлік дүкендерін азық-түлікке мұқтаж қайырымдылық ұйымдарымен байланыстыратын ирландиялық платформа. Жеуге жарамды нан қалдығы мен басқа да өнімдер қайырымдылыққа беріледі. Оліе халықаралық қозғалысы пайдаланушыларға артық тамақ, соның ішінде нанды көрші-көлең мен жергілікті қауымдастықтармен бөлісуге мүмкіндік беретін мобильді қолданба. Too Good To Go еуропалық қолданба – пайдаланушыларға мейрамхана, дүкендерден артық тағамды арзан бағамен сатып алуға мүмкіндік береді. Оның ішінде күні бойы сатылмаған нан өнімдері де бар. Әлеуметтік бастама тамақты қоқысқа тастамай, кәдеге жарату мен тұтынушыларға жаңа өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді.

«Бүгінде кез келген қалада органикалық қалдықтар – ең өзекті мәселе. Полигондардағы нан қалдығын азайту туралы ақпаратты таратудың ең жақсы тәсілінің бірі – онлайн платформа. Қайта өңдеуді оңай әрі ашық етуде адамдарды жергілікті ұйымдармен байланыстыратын мобильді қосымшалар тиімділік танытуда. Біздің қалаларға да осындай цифрлық платформа керек», – дейді «Алматыбасжоспар» ҒЗИ ғылым жөніндегі директоры Бауыржан Ташметов.


Органикалық қоқысты сұрыптау – қалдықпен жұмыс жасау және оның қоршаған ортаға әсерін азайтудағы маңызды қадам. Соның ішінде ескі нанды бөлек жинап, оны бағалы шикізатқа өңдеу – маңызды әлеуметтік шара. Мұндай жобаны жекелей емес, түрлі тараптың қатысуымен стратегиялық тұрғыда іске асыру керегін тәжірибе көрсетуде. Ескірген нан қалдығының аяқ астында жатуын болдырмауда мемлекеттік қолдау, жүйелі шара мен кәсіпкерлік бастамаға қоса, әрқайсымыздың жауапкершілігіміз қажет. Бұл қоқысты сұрыптау, жинау мәдениетінің қалыптасуы сіз бен бізден басталады. Ал нан қалдығының орны айрықша. Талай нәубетті бастан өткерген қазағымның «алтын-күміс – тас екен, арпа-бидай – ас екен» дегенін қайда қоямыз?.. Нанның кепісіне ұшырамайық. Ойланалық, ағайын!

Ірі көлемді қоқыс
тастағаны үшін


*ҚР ӘҚБтК 505-бабы




Жеке тұлғалар



Коммерциялық емес ұйымдар



Орта кәсіпкерлік субъектілері



Ірі кәсіпкерлік субъектілері

айыппұл

20 АЕК
73 840 тг30 АЕК
110 760 тг40 АЕК
147 680 тг100 АЕК
369 200 тг

қайталанса

30 АЕК
110 760 тг40 АЕК
147 680 тг50 АЕК
184 600 тг300 АЕК
1 107 600 тг

Бұл шаралар абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды болдырмауға, сондай-ақ қаладағы тазалық пен тәртіпті сақтауға көмектеседі.

Алматы
қаласының Полиция
департаменті.

ТҮҢҒЫШ МАТЕМАТИКА ПРОФЕССОРЫ

Ұлт күрескері, Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі, қоғам қайраткері Әлімхан Ермеков туралы бір үзік сыр

Satbayev University – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің тарихы бұл республикамыздағы осы сала зиялыларының және Отан экономикасына күш-қуат берген өндіріс ошақтарының қалыптасу, өсіп-өркендеу және даму кезеңдерінің тұтас бір әулетті дәуірі болып табылады. Білім ордасы құрылып, болашаққа қадам басқан алғашқы кезеңде, оның қабырғасында халқымыздың мандайалды ғұлама тұлғалары еңбек етті. Солардың бірі – қоғам және мемлекет қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, педагог-ғалым, қазақтың тұңғыш математика профессоры Әлімхан Әбеуұлы Ермеков еді.

Тұлғалы ұстаздардың бірегейі

Әуелде Әлімхан Әбеуұлы туралы сөз еткенде, қайраткер тұлғаның қоғамдық-саяси қызметі, Қазақ АКСР-ның аумағын қалыптастырып, ел мен жердің тұтастығын шегендеу ісіндегі айрықша еңбегі тілге оралады. Десек те, Әлімхан Әбеуұлы XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қоғамдық-саяси өмірмен қатар, рухани-мәдени өмірге белсене араласып, өзінің өнегелі өмір жолымен тарихымызда терең із қалдырған тұлғалы ұстаздардың бірегейі. Әлімхан Әбеуұлының ғылыми-педагогикалық жемісті жұмысының бір белесі Сәтбаев университетімен байланысты екенін біреу білсе, біреу білмес. Ол Қазақстанда ең алғаш рет оқу орындары ашыла бастағанда ұстаздық қызметке ауысып, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының аяғынан тік тұрып кетуіне өзіндік үлесін қосты. 1929–1935 жылдары Қазақ педагогикалық институтында және Алматы мал дәрігерлік институтында оқытушы болып қызмет етті.

Қазақстандағы тұңғыш техникалық жоғары оқу орны – Тау-кен және металлургия институты ашылғаннан кейін Әлімхан Әбеуұлы маман ретінде институтқа шақырылып, 1935 жылы сәуір айында Математика және қолданбалы механика кафедрасының профессоры, артынан сол кафедраның меңгерушісі болды. Әлімхан Әбеуұлының институт қабырғасында еңбек еткен жылдары ғылыми-педагогикалық саладағы жемісті жылдары болды.

1935 жылы оның жоғары техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған «Ұлы математика курсы» (орысшасы – «Курс высшей математики») атты еңбегі қазақ тілінде жарық көрді. Математик-ғалым жазған көлемі 10 баспа табақтан тұратын бұл кітаптың редакторы – қазақ тілі білімі ғылымының негізін салушылардың бірі, лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов еді. 1935 жылы қараша айында Мәскеуде орыс ғалымы Г.М.Крижановскийдің төрағалық етуімен өткен Жоғарғы аттестациялық комиссияда Әлімхан Әбеуұлы профессор атағын сәтті қорғап, қазақ халқының зиялы қауымының ішінде тұңғыш рет, математика профессоры деген ғылыми атаққа ие болды. Қайраткер 1936 жылы ұстаздық қызметті ғылыммен ұштастыра отырып «Қазақ тілінің математика терминдері» түсіндірме сөздігін шығарды.

Қуғын-сүргін жылдары жалған саяси жалалармен істі болған Әлімхан Әбеуұлының бұл кезеңдегі әрбір қадамы жасырын түрде ОГПУ тыңшыларының бақылауында болған еді. Олардан қалыспай ішкі партиялық басқылау да «қырағылығын» танытып жатты. Мәселен, тау-кен және металлургия институтының партия комитетінің хатшысы Е.Коробов өзінің Әлімхан Әбеуұлының ғылыми-педагогикалық қызметіне берген мінездемесінде: «Математика кафедрасының профессоры. Бұрын мал дәрігерлік институтта жұмыс істеген. Өз пәнін жақсы білумен қатар, жақсы сабақ береді. Студенттер арасында үлкен беделге ие. Институтта 1935 жылдың сәуір айынан бері жұмыс істейді. Бұрынғы Алашордашы. Мамандығы бойынша тау-кен инженері, Томскінің технологиялық университетін бітірген» деп жазыпты (Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 141-қор, 17-т, іс -1031. п. 10).

Жалпытехникалық факультеттің алғашқы деканы

Әлімхан Әбеуұлы өзінің белсенді ұйымдастырушылық қабілетімен тау-кен және металлургия институтының іргетасын қалаушылардың бірі болды. Оның ұсынысы бойынша 1936 жылы тау-кен және металлургия институтының бірінші-екінші курс студенттеріне арналған Жалпытехни-



(Фотодереккөз: qazaquni.kz).

калық факультет ұйымдастырылды. Институтта ашылған Жалпытехникалық факультеттің алғашқы деканы да Әлімхан Әбеуұлы еді. Бұл факультетте ауыл мектебінен келген қазақ жастары үшін жоғары математика, физика, теориялық механика, химия және жоғары курстарда өтілетін арнайы пәндердің негізі оқытылды. Ауыл жастарының орыс тілін жетік меңгермегендігі ескеріліп, сабақ негізінен қазақ тілінде жүргізілді.

Әлімхан Әбеуұлы өз ісінің жетік маманы ретінде ҚазТКМИ-дің студенттері арасында үлкен құрмет пен беделге ие болды. Жастарға сапалы білім беруде өзінің күш-жігері мен білімін аямай еңбек етті. Қайраткердің басына күн туып, жазықсыз қудаланғанда Жастар одағының басшысы Волков бастаған студенттер өз бастарына төнген қауіпке қарамай, өз ісіне берілген, профессор, ары таза, қамқор декан ретінде оны жалпы жиналыста қорғап сөйлеген еді.

Бойындағы күш-қуаты мен біліктілігін көрсетіп, өзіне сеніп тапсырылған жұмысты құлшына орындауға кіріскен қайраткердің өкінішке қарай, мұндағы жұмысы ұзаққа созылмады.

Нәубет жылдар: жалған жала, жағымпаз жендеттер

Әлімхан Әбеуұлы 1937 жылы елімізде жаппай қуғын-сүргін басталғанда оған алдымен іліккендердің бірі. Осы жағдай жайлы естелігінде ол былай деп жазады: «...Отызыншы жылдардың орта кезінде профессор міндетін атқаратын атақ алдым. Алматының тау-кен және металлургия институтында математикадан сабақ бердім. Кафедра меңгердім. 1937 жылы күзге қарай «халық жауларын» күнітүні әшкерелеп, тұтқындау күллі еліміздегі тәрзіді, Алматының да үрейін ұшырап тұрды. Бұрын Қазақстан комсомолының көрнекті жетекшісі болған, кейін Промакademiaны бітіріп, тау-кен институтына директор болған Әшірбек Бүркітбаев басты оқытушылардың көбісі шетінен қамалып жатқанда, өз тағдыры да қыл үстінде тұрған шақта, бір күні мені кабинетіне шақырып: «Әлеке, маған енді өкпелемеңіз. Бұдан әрі сізді қорғауға шамам келетін емес. Ыңғайыңыз келсе бір жаққа кетіп қалыңыз. Аспан асты қуыс қой», – деді. Солай келістік. Өз сұрауым бойынша деп Әшірбек інім бұйрық берді. Рахмет! Көп кешікпей Ә.Бүркітбаевтің өзі де қамалды. Мен Самараға, Қуйбышев қаласына кетіп қалдым. Сондағы мемлекеттік жоспарлау институтына Математика кафедрасының меңгерушісі, профессор болып орналастым. Беделді болдым. Жұмысымды жақсы істеп жаттым».

Алайда, сол кездегі «жағымпаз-жендеттер» ол жақта да ізіне түсіп, арызданып Әлімхан Әбеуұлын қаматады. Онан соң кейіпкеріміз этаппен Қазақстанға жеткізілді.

1937–1939 жылдары елімізде жүргізілген жаппай қуғын-сүргін кезеңінде тергеушілер азаптау, қорлау, ұрып-соғу, бір-біріне қарсы айдап салып, арандату тәсілдерін пайдаланғаны белгілі. Соған сәйкес, тергеу барысында

«халық жауларының» бастарынан да әртүрлі жағдайлар орын алды. Мәселен, Әлімхан Әбеуұлы антисоветтік ұлтшыл ұйымның мүшесі ретінде 1938 жылы 16 наурызда тұтқындалды. 1938 жылы 6 мамырда жүргізілген тергеуде ол: Алашордашыл болғанын, Жапонияның пайдасы үшін оларға жұмыс істеген агент екенін «мойындапты».

Тергеу 1938 жылы 22 қазанда аяқталған. Бірақ Әлімхан Әбеуұлы тергеу ісі аяқталған хаттамаға қол қояудан және оған дейін берген жауаптарынан бас тартқан. Сот мәжілісі кезінде Әлімхан Әбеуұлы өзін кінәлімін деп мойындамаған. Осыған дейінгі жүргізілген тергеу кезінде өзін ұрып-соққанын, тамақ бермей қинағанын, сондықтан жалған мәлімет беруге мәжбүр болғанын айтқан (ҚР ПА. 20 қ. 1т. 6007 іс. п.139).

Әлімхан Ермековтің естелігінен:

«Қалайша өзімді-өзім зиянкес, шпион, шетел агенті Совет өкіметін құлататын (шетел агенті) астыртын ұйым құрдым демекпін! Таласып, арналысып бақтым. Айлап ұйқы бермеді. Тізе бүктірмей, тіке тұрғызып қойды, аяғымның буыны ісіп кетті. Ақырында шалқамнан жатқызып, екі аяғымды керіп қойып жанды жерімнен тепкіледі. Сүзсікен қошқардай жүзгіріп келіп тебеді. Бұл тергеушілердің аттарын әлі ұмытқам жоқ. Катков, Осипанов, Халиуллин. Мұны заңсыздық, қысастық, қиянат деу жеткіліксіз. Бұл – нағыз хайуандық. Адамға аң да бұлай қарамас. Есімнен тандым. Інім Мүсілім, қарындасым Дәмеш, ұлым Мағауия, қызым Рауқилия, әйелім Рахия, бәрі талмаусыраған кезімде ағаш басына қарқылдап қонған жауын күнгі қарға-сауысқандай шуласып, өңі-түсім аралас «Қылмысты мойындаңыз! Мойындамасаңыз, өлесіз! Осылардың айтқандарын істеңіз» деп ұлап-шулай береді. Сол кезде тергеушілер күні бұрын дайындап қойған протоколдарға қол қойыптын».

(Орталық Қазақстан. 1989, 2 қыркүйек).

1939 жылы 28 ақпанда НКВД-ның әскери трибуналы РКФСР қылмыстық кодексінің 58-бабының 1а, 8, 11-тармақтары бойынша Әлімхан Әбеуұлын айыпты деп тауып, 10 жылға бас бостандығынан айырады. Профессор Ә.Ермековке тағылған айыптар бірін-бірі жокқа шығаратын, шындыққа мүлде жанаспайтын, ойдан шығарылған зұлымдық жала болатын.

Қайсар рухты тұлға

Әлекең абақтыда жүргенде де заңсыз жала жабылғандығын дәлелдеп, арыздануын тоқтатады. Осының нәтижесінде ол ақталып, 1947 жылдың басында тұтқыннан мерзімінен бұрын босанып шықты. Сол жылдың 15 тамызынан Әлімхан Әбеуұлы Шымкент технологиялық институтының Математика кафедрасын басқарып, қайтадан ұстаздық қызметін жалғастырды. Өкінішке қарай, көп кешікпей ол жалған жаламен тағы да НКВД түрмесіне жабылады. Сол кеткеннен мол кеткен Әлімхан Әбеуұлы 1955 жылы 7 наурызда КСРО Бас прокурорының қаулысымен түрмеден мерзімінен бұрын босатылып, 1957 жылы 26 қарашада толық ақталады. Содан кейін өмірінің соңына дейін Қарағанды политехникалық институтында ұстаз болып еңбек етті.

2024 жылдың 29-30 мамыры күндері Қарағанды қаласында «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық жобасы аясында, қоғам мен мемлекет қайраткері, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға барғанымызда Әлімхан Әбеуұлы жерленген зиратқа арнайы соғып, дұға жасап, Құран бағыштадық.

• Әлімхан Әбеуұлы халық құрметіне, үлкен ілтипатқа лайықты тұлға. Ол жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті адам еді. Кеңестік сүрқия биліктің ұзақ жылдарға созылған қудалауына қарамастан жасымаған, мойымаған, қайсар рухты тұлға болды! Тұлғаның өзі талай жыл еңбек етіп, терең із қалдырған Сәтбаев университетінің 90 жылдығы қарсаңында білім ордасының үлкен дәріс аудиториясына оның есімі берілумен қатар, ескерткіш-тақта орнатылып, лайықты құрмет көрсетілсе, өте орынды болады деп ойлаймыз. Кезінде аты Алты алашқа әйгілі болған тұлғаның есімін қай жағынан құрметтесек те лайықты!

Досалы САЛҚЫНБЕК,
Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 17 қыркүйектегі
№3/373-1914 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 27 наурыздағы
№1/1-105 «Мемлекет мұқтажы
үшін жер учаскелерін алып
қоюға байланысты жер
учаскелерін немесе өзге де
жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иеліктен шығарудың
басталуы туралы» қаулысын
жою туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жыл-
ғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасын-
дағы жергілікті мемлекеттік басқару және
өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес және
Алматы қаласы Энергетика және сумен жаб-
дықтау басқармасының 2024 жылғы 30 ма-
мырдағы №41.1-41/626-И хаты, негізінде
Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жыл-
ғы 27 наурыздағы №1/1-105 «Мемлекет мұқ-
тажы үшін жер учаскелерін алып қоюға бай-
ланысты жер учаскелерін немесе өзге де
жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы» қаулысы жо-
йылсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы
қаулыны қабылданған күнінен бастап үш
жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің
интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті
бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау-
ды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары
басқармасына Қазақстан Республикасының
заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті
шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау
Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін
орынбасарына жүктелсін.

Е.ДОСАЕВ,
Алматы қаласының әкімі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Жалпы, қандай кәсіп, қандай қызмет болмасын, кез келген адам үшін егер ол өз жанының қалауы, өз еркінің таңдауы болып, ол ісін бар ынтасымен істейтіндей, жұмысына ерекше көңілменен келіп, жұмысын шын ұнатып, тіпті шаршаған күннің өзінде ерекше бір күйде ләззат алар болса, онда ол сол адамның адаспай тапқан, нағыз таңдаған кәсібі немесе қызметі екені айдан анық.

Осылай өз қызметін адаспай тапқан адамның еңбегінің жемісі берекелі болатыны да, оның қоғамға тигізер пайдасының да зор болары рас.

Мен мемлекеттік қызметкермін. Осы мемлекеттік қызметте қызмет етіп келе жатқаным да 19 жылдан асыпты. 19 жылдық мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілім Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде абыроймен өтіп келеді. Өз мамандығым бойынша іс-төп келе жатқан қызметім – менің мақтанышым.

Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті бүгінгі таңда республика деңгейінде қаржы саласындағы жоғарғы рейтингті көрсетіп келе жатқан бірден-бір мемлекеттік мекеме.

Департаментте қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлердің барлығы өз істеріне жауапты, адал әрі нағыз мемлекеттік қызметкерге лайықты аса білімді мамандар. Департамент ішінде мемлекеттік қызметкерге қойылатын талаптар мен жемқорлықтың алдын алуға бағытталған көптеген іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстары басшылық тарапынан үнемі жүргізіліп, мамандардың білімін жетілдіріп отырады.

Кез келген азаматқа мемлекеттік қызметкер болу – өте үлкен мәртебе.

Мемлекеттік қызмет кез келген адамды ең біріншіден аса үлкен жауапкершілікке тәрбиелейтін үлкен мектеп деп айтсақ болады. Мемлекеттік қызметкер ретінде ант беріп, абыройлы қызметке қабылданған кезден бастап, әр мемлекеттік қызметкер үлкен жауапкершілікке ие болып, мемлекет алдындағы өзіне жүктелген міндеттерді, жауапкершілікті сезінеді.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік имиджін қалыптастыратын тұлға екенін үнемі есте сақтап, қызмет бабында болмасын, қызметтен тыс уақытта болмасын өзін адамгершілік және әдеп нормаларына сәйкес ұстауы керек. Өзін қандайда бір алаңдатушы немесе сыбайлас

жемқорлыққа негіз болатын жағдаяттардан бойын аулақ ұстауы тиіс.

Мен өз басым осы еңбек жолдарымда мемлекеттік қызметті таңдағаным аш өкінген емеспін. Керісінше, таңдауымның осы мемлекеттік қызметке түсіп, осы жолды таңдағаным аса күнге дейін қуанамын.

Әрине, қазіргі нарықтық заман қарыштап, өзіне ғана қызмет ету, өз кәсібі арқылы даму барынша етек алған уақытта жалақысы біршама жоғары жеке меншік компанияларда немесе жеке бизнес саласында қызмет ету – тиімді әрі жеңіл. Алайда, мемлекеттік қызмет кез келген адамның қолынан келер іс емес екенін көпшілік біле бермейді. Мемлекеттік қызмет адамды аса үлкен жауапкершілікке тәрбиелейтін, халыққа өзгелерге қарағанда біртабан жақындастыратын, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, дәнекер қылатын құрал десем, қателеспейтін шығармын. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметкерлерге де барынша жағдайлар жасалған. Арнайы түрлі бағдарламалар арқылы жеңілдікпен баспаналы болу да қазір мемлекеттік қызметкерлерге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Президентіміз де жыл сайын мемлекеттік қызметкерлердің имиджін көтеріп, жалақысын да арттырып келеді.

Менің қазіргі таңда көп байқағаным – әсіресе, жастар қауымы мемлекеттік қызметке көп қызығушылық танытып, көптеп келуде. Бұл, әрине, қуантатын жәйт. Себебі, қазіргі жастар дамыған әрі ақылды. Олар мемлекеттің болашағы үшін қызмет етіп, сол мемлекеттің бір бөлшегі ретінде өз іздерін қалдырып, жоғары билікке араласып, сол арқылы шетелдің де мемлекеттерінің билігін, олардың мемлекеттік қызметін танып-білгісі келеді. Бұл өте дұрыс деп ойлаймын.

Мемлекеттік қызметкер тек бір орнында тұрып қалмай, үнемі ізденіс үстінде, үнемі даму процесінде болып, өсуге, жоғарылауға ұмтылуы қажет. Өзгелерге үлгі бола білуі қажет. Сонда ғана ол нағыз мемлекеттік қызметтің мәнін түсініп, өз қызметінен рахаттанатын болады.

Г.ШЕКЕРБЕКОВА,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаментінің
бас маман-бас қазынашысы.

ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ


Алматы қаласының қаржы нарығындағы жағдай туралы

1. Инфляция

2024 жылғы 1 шілдеде Алматы қаласы бойынша статистика департаментінің ресми деректері бойынша инфляция 103,4% деңгейінде қалыптасты (2023 жылғы 1 шілдеде – 5,1%).

Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларына бағалар – 4,0%, азық-түлік емес тауарларға – 2,5%, ақылы қызметтерге – 3,4% өсті.

Алматы қ. бойынша тұтыну бағаларының индексі



2. Валюталық нарық

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қаланың қолма-қол шетел валютасы нарығында 446 айырбастау пункті жұмыс істеді, оның ішінде: банктердің айырбастау пункттері – 244, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге ҚР Ұлттық Банкінің лицензиясы бар уәкілетті ұйымдар-191, «Қазпошта» АҚ – 11.

2023 жылғы 1 жартыжылдықпен салыстырғанда айырбастау пункттерінің саны 4,0%-ға 458-ден 446-ға дейін, банктердің айырбастау пункттері 11,9%-ға 277-ден 244-ке дейін, «Қазпошта» АҚ айырбастау пункттері 15,4%-ға 13-тен 11-ге дейін азайды, бұл ретте уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің саны 13,7%-ға 168-ден 191-ге дейін көбейді.

2024 жылдың 1 жартыжылдықта теңгені АҚШ долларына сату бағамы 445,12 – 466,50 теңге, еуро 473,50 – 516,70 теңге, Ресей рублине бірлігіне 4,82 – 5,99 теңге аралығында болды.

2024 жылдың 1 жартыжылдықтағы айырбастау операцияларының көлемі валютаның келесі сатып алу мен сатуды көрсетті:

АҚШ доллары – 101,9% және 117,7% және сәйкесінше 1168,0 млн және 1 744,0 млн долларды құрады;

Ресей рублі – 114,8% және 121,6% және сәйкесінше 10 377,5 миллион рубль және 7688,1 миллион рубльді құрады;

Еуро – 87,2% және 113,2% және сәйкесінше 73,2 миллион еуро және 192,6 миллион еуруны құрады.

3. Депозит нарығы

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторын 21 екінші деңгейдегі банк құрады, оның 19-ы Алматы қаласында.

Резиденттердің екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерінің көлемі 2024 жылдың 1 жартыжылдығында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 21,1%-ға ұлғайып 10 333,0 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 28,7%-ға 2779,0 млрд теңгеге дейін, жеке тұлғалардың депозиттері 18,5%-ға 7554,0 млрд теңгеге дейін өсті.

Ұлттық валютадағы депозиттер көлемі 34,1%-ға, шетел валютасындағы депозиттер көлемі 3,2%-ға төмендеді.

Депозиттердің жалпы көлеміндегі жеке тұлғалар салымдарының үлесі 73,1% құрайды. Оның ішінде ұлттық валютадағы депозиттердің үлесі 2023 жылғы 1 тоқсандағы 65,0%-ға қарағанда 72,0%-ды құрайды.

4. Кредит нарығы

Банктердің Алматы қ. экономикасын кредиттеу көлемі 2024 жылғы 1 жартыжылдықта 12 539,8 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 19,2%-ға көбірек.

Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 15,2%-ға 10 586,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Шетел валютасындағы кредиттер көлемі 46,1%-ға 1953,6 млрд теңгеге дейін өсті.

Ұзақ мерзімді кредиттер көлемі 17,3%-ға 9883,9 млрд теңгеге дейін өсті, ал қысқа мерзімді кредиттер 26,7%-ға 2656,0 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 22,5%-ға 3219,1 млрд теңгеге дейін өсті (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 25,7%).

Кредит берудің салалық құрылымы кезең ішінде сауда мен өнеркәсіптегі басым бағыттарды сақтап қалды: қысқа мерзімді кредиттер бойынша 30,4% және 13,2%, ұзақ мерзімді кредиттер бойынша тиісінше 3,3% және 4,4%.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 708 334 30 47 whatsapp,
8 777 078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ17ВРУ00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/
aqshamy.official



www.facebook.com/
aqshamy.official



www.youtube.com/channel/
UCxz3M2xrjCHx6B1JggyqeA



web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz



vk.com/
aqshamy.official



twitter.com/
aqshamy_kz

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

99-маусымның шымылдығын ашты

«Almaty Theatre» театрында Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының 99-маусымының шымылдығы түрілді. Театрда маусымашар қойылым ретінде Рабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклі сахналанды.

Досбол
АТАЖАН

Ұзынағашта және Қонаев қаласында спектакль қоямыз. Сондай-ақ, биылғы үлкен үш сапарымыз – Ақтөбе, Қостанай және көршілес қырғыз елінің астанасы Бішкек қаласында болады. Айта кеткен жөн, театрдың жобалары мен жаңа қойылым шығарудың өзі осы 2 жылда тоқтайды. Өйткені, киім тігу үшін декорация жасайтын цехтарымыз өзіміздің ғимаратта қалды. Сондықтан негізгі міндетіміз – репертуарымыздағы 70 спектакльді көрерменге көрсету, – деді театр директоры.

Қазақстан Республикасының Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының көркемдік жетекшісі Асанәлі Әшімов жиын барысында өз тілегін білдірді.

– Театрды ұлы адамдар бастаған. Сол ұлыларымыздың ізімен, солардың салған жолымен біздің театр айнымай жүріп келе жатыр. Осы дәстүрді жастарымыз жалғастырып кетсе, сол бақытымыз. Үлкен театрдың 99 емес, 199 жылдығы да өтсін деп тілеймін, – деді Асанәлі Әшімов.

Салтанатты іс-шара барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қоюшы-режиссер Әлімбек Оразбеков кітабының тұсаукесері өтті.

БІРЕГЕЙ БАЙҚАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЦИРК ФЕСТИВАЛІ


Қазақстанның жас өртістері күміс жүлдеге ие болды

«Құрмет» орденінің иегері Дәулет Досбатыровтың жетекшілігімен «Аманат» әуе белбеуінің дуэттері Данат және Данаали Досбатыровтар 12–15 қыркүйек аралығында Мәскеу циркінде Ю.Никулиннің Цветной бульварында өткен «Артист» II Халықаралық цирк фестивалінде «Юниор» күміс жүлдесін жеңіп алды.

Сондай-ақ, жас артистер төрт арнайы сыйлықты иеленді: Халықаралық цирк өнері фестивалінің президенті Женис Матабоштан (Жирона қ., Испания), Баку мемлекеттік циркінің дирекциясынан (Әзербайжан), «Sky Angels» тобынан (Өзбекстан) және режиссер, Ресейдің еңбек сіңірген өнер қайраткері Александр Гримайлдан арнайы сыйлық.

Айтпақшы, Данат пен Данаали фестивалдің ең жас қатысушылары болды. Данат – 10, ал Данаали – 8 жаста.

«Артист» цирк өнері фестиваліне әлемнің 17 елінен 87 артист қатысты. Фес-



тивальдің жүлделері үшін тәжірибелі әртістер де, балалар да бақ сынасты.

Бұл бірегей цирк байқауы болды. Беделді қазылар алқасы қатысушылардың шеберлігін бағалады.

«Екі конкурстық күнде және Гала-шоуда халықаралық қазылар алқасы мен көрермендер «Аманат» нөміріне қошемет көрсетті. Бұл – үлкен қуаныш пен мақтаныш. Біздің нөмірімізді кәсіби артистер, фестивальдің режиссерлік-сахналау тобы ерекше атап өтті. Ресейдегі ең көне цирктердің бірінде, аңызға айналған артистер жұмыс істеген манежде өнер көрсету – біз үшін үлкен мәртебе», – деді «Аманат» нөмірінің қоюшы-режиссері Дәулет Досбатыров.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖАБЫРҚАП КЕЛДІ КҮРЕҢ КҮЗ,
ТӨҢІРЕК ГҮЛСІЗ... РЕҢСІЗ...

Қыркүйектің ызғарлы, тұманды күндері басталды.
Осы айдың 22-23-іне күзгі күн мен түннің теңелуі орын алады

Биыл еліміздің астықты аудандарында егін көлемі жылдағыдан аз болғанымен, судың молдығынан бітік болып шықты. Ауа райының ыстық болуына байланысты күрішке де, бидайға да орақ жылдағыдан ерте түсті. Өнімнің түсімі де көңіл қуанарлықтай. Сыр бойында күріштен рекордтық өнім алынуда. Жалағаш ауданының кейбір шаруашылығында гектарына 80 центнерден күріш өндірілсе, шиелілік даңғайыр диқандар әр гектардан 100 центнерден Сыр маржанын өндіріп жатыр. Рекордтық көрсеткіш әлі де жоғарылайтын сыңайлы.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

буыны қатайып, төңіректің реңі қашып, сүреңсіздене бастаған кезі.

Жаз аптабының беті қайтқасын қыркүйек айының соңғы күндері мен қазан айының ортасына дейін болатын шуақты күндерді қазекеннің «Мизам шуақ», «Кемпір шуақ» деп атағанынан хабардарсыздар. Ауыл ақсақалдары күн ауып, кеш батқан сәттен бастап күн қатты суытып, жаңбыр жауып немесе түнде шөп басына шық түскен сәтті мизам шуақ уақыты келді деп есептеген. Түнгі уақытта болған суықтың ызғары, күн шыға салысымен бірден басылып, айнала күннің сәулесі-

не бөленіп, далада өрмекшінің торы секілді ұшпалы ақ сілбі қаптап кетеді. Сол мамық мамықтай майысқақ ұшпаны қазақ-та мизам деп атайды.

Мизамда ауа райы жақсы болса, күз суық болады, ал егер керісінше суық болса, қазанның соңғы күндері және қараша айы құрғақ болады деп болжам жасаған.

Шаруалар осы мезгілде қозыны енесінен айыру, күзем қырку, өзен суына тоғыту сияқты шараларды атқаратын болған. Малды жайлаудан ылдига түсіруге кіріседі. Бидай, жүгері, жалпы егін жинау қарқын алады. Жаздың соңы болғандықтан, шөптің өсуі тоқтайды, пішен шабу қарқын алады. Күн мен түн теңеліп, қатты ыстық қайтып, ауа райы бірқалыпқа түсе бастайды.

Күн мен түн теңелу демекші, болжаушылардың айтуынша, бұл құбылыс көктемде және күзде болады. Әлемдік уақыт бойынша, солтүстік жарты шарда көктемгі күн мен түннің теңелуі 20 наурыз күніне сәйкес келеді. Бұл уақытта Күн оңтүстік жарты шардан солтүстік жарты шарға ауысады. Ал күзгі күн мен түннің теңелуі Күн солтүстік жарты шардан оңтүстік жарты шарға ауған кезде орын алады. Ол қыркүйек айының 22 немесе 23 жұлдызына сәйкес келеді.

Бүгін туған айдың ортасы – 16-сы. Григорианша қыркүйектің – 20-сы. Қазақы есеп бойынша, айдың жетісі. Демек, бұл апта айдың басы мен үшінші онкүндігіне дөп келіп тұр. Ауа райы құбылуы, жаңбыр жаууы, салкындық орын алуы ықтимал...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ХАЙУАНАТТАРДЫҢ ҚИМЫЛЫНА ҚАРАП
ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

* Қыркүйек басталғанда түйе бір жағына ықтап, жайсыз жатса – келер қыс қатты болмақ;

*Басын құбылаға беріп, төрт аяғын керіп жатса – қыс жайлы болады деп болжанған;

*Қыста түйе ернін жиі жыбырлатып, жылқы оқыранып құр жұтынса – көктем ерте туады.

*Жылқы жиі пысқырыпса – ауа райы бұзылады;

*Сиыр танауын қусыра тартып, мойнын жиі-жиі бұлғақтатып мазаланса – дауыл не боран соғады.